

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№113 (9431) |

1954 жылғы 6 июнь Жексенбі

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жарты жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындайық

Бүкіл еліміздегі сыяқты, бесінші бес-жылдық жоспарды ойдағыдай орындау ісіне облысымыздың еңбекшілері де өздерінің игілікті үлестерін қосуда. Бұған облысымыздың бірсыпыра алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының қол жеткен табысы толық айғақ.

Осы жылдың өткен бес айы ішінде еңбек өнімділігін оған әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, алдыңғы қатарлы өнеркәсіп орындары өнім шығаруды ұйғайтып, оның сапасын мықтап жақсартты. Мұндай кәсіпорындарының қатарына қаладағы темекі фабрикасы қосуға болады. Фабрика коллективі Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының игілікті бастамасын қызу қостап, өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен алынатын өнімді едәуір ұлғайтты. Сол сыяқты, өндіріс қуатын тиімді пайдалана және технологиялық процестерді жетілдіре отырып, фабрика жұмысшылары өнімнің сапасын жақсартуға, оның өзіндік құнын кемітуге жетісті. Осы жылдың бес айына тағайындалған өндірістік жоспар мұнда мерзімінен бұрын және артығымен орындалды. Фабрика ондаған мың сомның жоғары сортты темекісін жоспардан артық берді.

Вагон депосының табысы да айта қаралықтай. Мұнда бес айлық жоспар мерзімінен бұрын және артығымен орындалды. Денода вагондардың жөндеуде тұру мерзімі едәуір қысқартылды, вагондарды жоғары сапада жөндеу қамтамасыз етілді. Бұл — денода техника мен сарқылмас ішкі мүмкіншіліктердің, толық пайдаланылуының, еңбектің жаңа, озат әдістерінің кеңінен қолданылуының нәтижесі.

Бірақ, облыс кәсіпорындарын тұтас алғанда жарты жылдық өндірістік жоспардың орындалуының жайы қанағаттанғысыз болып отыр. Бірқатар өнеркәсіп орындары өндіріс қуаты мен ішкі мүмкіншіліктерді толық пайдаланбаудың салдарынан өнім шығару жоспарын ай сайын орындай алмай келеді. Мұндай кәсіпорындарында еңбек өнімділігі өте төмен, өнімнің сапасы нашар, оның өзіндік құны әлі де болса қымбат.

Еңбекшілердің тұтынуына алуан түрлі азық-түлік товарларын өндіріп бере алатын нан комбинатының жұмысы өзінің ішкі күш-мүмкіншілігіне


артельдерде де қанағаттанғысыз. Облыстық кәсіпшілік Советінің Панфилов атындағы, «Молот», «Пищевик» және басқа да бірнеше артельдері бес айлық өндірістік жоспарды орындай алмады. Артельдер еңбекшілерге аса қажетті өнеркәсіп, азық-түлік және үй шаруашылығына қажетті бұйымдарды мейлінше аз өндіруде.

Облыстық жергілікті өнеркәсіп және отын мекемесіне қарасты өндіріс комбинаттарында да өнеркәсіп және азық-түлік товарларын өндірудің қарқыны мүлде баяу. Рас, комбинаттардың көпшілігінде өнім шығарудың бес айлық жоспары жалпы сома бойынша орындалды. Бірақ, комбинаттар өнім шығару жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша орындауға жетісе алған жоқ. Ал, Совет аудандық өндіріс комбинаты (директоры Пономарев жолдас), Октябрь аудандық өндіріс комбинаты (директоры Запорожен жолдас), қаладағы жегу әбзелдері мен мебельдер жасайтын комбинат (директоры Бысов жолдас) өнім шығарудың бес айлық жоспарын бұйымдардың көптеген түрлерінен орындай алмады.

Облыстың өндіріс комбинаттары мен кәсіпшілік артельдерінде көпшілік тұтынатын товарларды көптеп шығаруға ішкі мүмкіншіліктер мен резервтер жеткілікті. Әсіресе, жергілікті материалдарды пайдаланып, олардан көпшілік тұтынатын товарлар шығаруға мүмкіншілік ұшан-теңіз. Алайда, бұл күш-мүмкіншіліктер комбинаттар мен артельдерде мүлде қанағаттанғысыз пайдаланылуда. Облыстық кәсіпшілік Советі мен облыстық жергілікті және отын өнеркәсібі мекемесінің басшылары (Трушкин, Соколов жолдас) ішкі қорларды, әсіресе, жергілікті материалдарды сарқа пайдаланып, өнім шығару жоспарының барлық көрсеткіштер бойынша толық және артығымен орындалуын қамтамасыз ету жөнінде осы күнге дейін нақтылы шаралар белгілемей отыр.

Облыстағы құрылыс ұйымдарының жұмысы да қарқынсыз жүргізілуде. Құрылыс ұйымдарының көпшілігі құрылыстар, әсіресе тұрғын үйлер салудың жоспарын мүлде нашар орындауда. Рылін жолдас басқарған ССРО Құрылыс министрінің Петропавлдағы құрылыс басқармасы соңғы үш жыл бойына небары бір-ақ тұрғын үйді пайдалануға берді.

Облысымызда



СУРЕТТЕ: шағын двигательдер зауытының участок мастери И. Мартынов және техникалық бақылау бөлімінің мастери Чугаева жолдастар дивнок желдеткішінің жұмыс істеуін тексеріп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Мол табыс

Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының күс және шошқа фермасы шаруашылықтың мол табысты саласына айналды. Бұл фермаларды коммунист Н. Молодых басқарады. Колхозшылар өткен жылы шошқаға керекті дәнді және жеміс тамырлы азықты жеткілікті мөлшерде дайындап алып, шошқаны құнарлы жем, сжайлы, жылы орынмен қамтамасыз етті. Шошқаны жақсы мәселен күту және азықтандырып отыру нәтижесінде өткен жылы колхоз шошқа фермасынан 14 мың сом ақшалай кіріс алды, мемлекетке тапсыруға тиісті ет есебіне 16 шошқа тапсырды. Ал, быйыл колхозшылар шошқа фермасынан алынатын табысты 30 мың сомға, фер-

ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛҒАН КОЛХОЗҒА КӨМЕК

Петропавл станциясындағы хабар беру және байланыс дистанциясының коллективі Подуень ауданындағы Тельман атындағы колхозды қамқорлыққа алған болатын. Партия және кәсіподақ ұйымдарының көмегімен қамқорлыққа алған колхозға көмек көрсету жөнінде бірқатар шаралар жүзеге асырылды. Колхоз кітапханасы үшін 4 мың сомның 400-ден астам кітабы жыйнап берілді. Дала вагоншасын салуда, мал суаруды механикаландыруда колхозға тиісті көмек көрсетілді. Слесарьлар Бочкарев және Плосков жолдастар механизаторлар үшін шелектер жасап берді, кәсіподақ ұйымы ұрандар, плакаттар және дала бригадалары үшін көрсеткіш тақталарын дайындап берді.

Дистанцияның мәдениет бригадасының құрамында 15 адам бар. Олар көктем егісі кезінде 5 рет колхозға барып қайтты. Бригада мүшелері колхозшыларға лекция оқыды. Ал, Гладких жолдас басқарған көркемөнер дарындылары колхозшыларға концерт берді. Лекциялар мен концерттерден кейін дистанция комсомолдері колхозшылармен әңгімелер өткізді.

Кәзір мәдениет бригадасының мүшелері концерт беруге дайындауда. Дистанция жана программа бойынша колхозшыларға коллективті колхозға пішен шабу, егін жыйнау кезінде де нақтылы көмек көрсетіп.

М. МҰҚАМЕТРАҚЫМОВ.

Жүнді көп қыркуда

Ленин атындағы колхозда (Совет ауданы) көктемгі қой қырку жұмысы ойдағыдай жүргізілуде. Колхозда қой электр агрегатымен қырылады. Кейбір қойларда қырылған жүннің салмағы 5-6 килограм болды.

Қой қыркуда Бегешева, Глуценко жолдастар сыяқты колхозшылар қажырлылықпен еңбек етіп, күндік нормаларын асыра орындап отырды.

Қырықтыңшылардың жанамай еңбек етуі нәтижесінде мұнда бір апта ішінде 1800 қой қырылды. Колхоз мемлекетке жұн тапсыруға кірісті. Кәзірдің өзінде дайындау орнына 20 центнер жүн тапсырылды.

К. ӘБІЛХАЛЫКОВ.



СУРЕТТЕ: қаладағы «Қазақстанның 10 жылдығы» артелінің тапсырманы үнемі 200 процент орындап жүрген жегу әбзелдерінің мастери Василий Краевтың қамыт жасап жатқан кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

Тәжірибе участогі

Балуан жетіжылдық мектебінің (Октябрь ауданы) тәжірибе участогінде тәжірибе жұмыстары ботаника пәнінің оқытушысы Н. Жағыпаров жолдасның басқаруымен жүргізіледі.

Оқушылар бйылғы көктемде мектептің тәжірибе участогіне бірнеше терек және қайың ағаштарын әкеліп отырғызды. Мұнда дәнді дақыл себілді, күнбағыс, жүгері және ояштықтар шаршы-ұялап отырғызылды.

Кәзір оқушылар егілген егістердің өсіп-өнуін күн сайын бақылап, оларды баптап, күтіп жүр.

Оқушылар оқытушылардың басқаруымен мектеп жанындағы тәжірибе участогін кеңейте түсіп, оны үлгі тәжірибе

ретарьлығы міндетінен босатылды. Партия жұмысына шақырылуына байланысты Н. Н. Крупин жолдас ҚКЖО Орталық Комитетінің екінші секретарьлығы міндетінен босатылды.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің бірінші секретары болып Н. В. Дыхнов жолдас, екінші секретары болып А. Ф. Шалов жолдас сайланды.

Халықтық демократия елдерінде

Болгар халқы Христо Ботевті еске түсіруде

СОФИЯ, 2 июнь. (СОТА). Болгарияның ұлттық батыры және революционері Христо Ботевтің қайтыс болу күні — 2 июньде болгар халқы жыл сайын оны және Отанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы күресте қаза тапқан барлық патриоттарды еске түсіреді. Кеше және бүгін елдің қалалары мен селоларында қаза тапқан күрескерлерді еске түсіруге арналған көп адам қатысқан жыйналыстар болып өтті. Патриоттардың бейіттеріне көптеген венюктар қойылды.

Кеше кешкілікте Софияның 9 сентябрь алаңында Георгий Димитров мавзолейі алдында дәстүрлі митинг болды, онда Болгар Коммунистік партиясының және Министрлер Советінің Председателі Выхо Червенков бастаған үкмет басшылары болды. Халықтық қорғаныс министрінің орынбасары генерал-лейтенант Йонко Панев сөз сөйледі. Бұдан кейін факель алып өту жүргізілді. Софияның мыңдаған еңбекшілері Христо Ботевтің бюстіне және қаза болған күрескерлердің туысқандық бейітіне венюктар қойды. Бүгін осыдан 78 жыл бұрын Христо Ботев ерлікпен қаза тапқан Вол шөкьесінде мыңдаған адам қатысқан митинг болды. Митингте Болгар Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшесі және Министрлер Советі Председателінің орынбасары генерал-полковник Иван Михайлов сөз сөйледі.

Польша деревнясында өндірістік кооперацияның өркендеуі

ВАРШАВА, 2 июнь. (СОТА). Польша баспасөзі деревнядағы өндірістік кооперацияның оған әрі өркендеп келе жатқандығы туралы елдің түрлі аудандарынан хабарлар жариялады. Дозиань воеводствосында шаруалар соңғы бес айдың ішінде жаңадан 220-ға жуық егіншілік өндірісі кооперативтеріне ұйымдастырылды. Бұған қоса, осы уақыттың ішінде 1.500-ден аса шаруа бірінші ұйымдастырылған кооперативтерге кірді. Вороцлав воеводствосының шаруалары кәзірдің өзінде біржарым мыңнан аса кооператив құрды, олар 46 мыңнан аса мүше біріктіріп отыр. Воеводетвода үстіміздегі жылдың басынан бері жаңадан 130-дан аса кооператив ұйымдастырылды.

сан емес. Комбинат үстіндегі жылдың бес айына белгіленген жоспарды небары 91,7 процент ғана орындады. Сөйтіп, ол еңбекшілерге мыңдаған сомның азық-түлік товарларын жоспардан кем беріп, борышты болып отыр.

Комбинатта шығарылатын азық-түлік товарларының ассортименті де аз. Еңбекшілердің нан-булка және басқа да тәтті нан тағамдарына деген тілегі барған сайын өсуде. Алайда, комбинат басшылары (директоры Евраев жолдас) тұтынушылардың мұндай заңды тілектерімен санаспай, аталған тағамдарды мүлде аз шығарып келеді. Оның үстіне комбинатта шығарылатын азық-түлік товарларының сапасы да мәз емес.

Комбинатта азық-түлік товарлардың аз өндірілуінің, олардың сапасының төмен болуының басты себебі — мұнда еңбек ұйымдастыру ісі нашар ұйымдастырылған. Техника мен ішкі резервтер өндіріске нашар пайдаланылуда. Озаттардың тәжірибесі кеңінен зерттеліп, өндіріске енгізілмей жүр. Жұмысшылардың еңбек өнімділігін арттыру, ақауға жол бермей өнім сапасын жақсарту, оның өзіндік құнын кеміту жолындағы социалистік жарысқа жеткілікті басшылық жасалмайды.

Бұрын өнім шығару жоспарын толық орындап келген былғары зауытында соңғы кезде еңбек өнімділігі төмендеп кетті. Зауод осы жылғы өткен бес айдың жоспарын бар болғаны 97 процент қана орындады.

Сол сияқты, облыстағы көпшілік тұтылатын товарлар шығаратын тігін фабрикасы да өндірістік жоспарды ай сайын орындай алмай, төзгісіз артта қалып келеді.

Жарты жылдық жоспардың орындалуы облыстық кәсіпшілік Советіне қарасты

Петропавлдың жол құрылыстары тресті (бастығы Солянов жолдас), «Казпромстройдың» құрылыс-монтаж басқармасы (бастығы Балакшин жолдас) сияқты ең ірі құрылыс ұйымдары өндірістік жоспарды нашар орындап келеді. Бұл құрылыс ұйымдарында жұмыстың нашар жүргізілуінің себебі — оларда еңбек ұйымдастыру ісі мүлде бетімен жіберілген, техника мен құрал-жабдықтар нашар пайдаланылып жүр.

Июнь айы — жарты жылдық жоспарды орындаудың соңғы шешуші айы. Сондықтан, өнеркәсіп орындарының, транспорттың, құрылыс ұйымдарының басшылары кезір істе орын алып отырған кемшіліктерді дереу жойып, барлық күш-мүмкіншілікті жарты жылдық өндірістік жоспарды толық және артығымен орындауға, өнімнің сапасын жақсартып, өзіндік құнын кемітуге жұмылдыруға міндетті.

Табыстың кілті — еңбектің дұрыс ұйымдастырылуында. Олай болса, өнеркәсіп, транспорт, құрылыс орындарының басшылары, партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары жұмысшылардың социалистік жарысына күнбе-күн нақты басшылық жасап, еңбек өнімділігінің мықтап арттырылуын, техника қуатының толық пайдаланылуын ұйымдастыра білулері керек. Осымен бірге, олар еңбек өнімділігін арттыруға, пайдаланымай жатқан мүмкіншіліктер мен резервтерді тауып іске қосуға мүмкіндік беретін жаңалық ұсыныстарды кезінде қолдап, оны өндіріске енгізуге жеткілікті көңіл бөліп отыруға тиіс.

Барлық күш-мүмкіншілік еңбек өнімділігін арттырып, өнім шығарудың жарты жылдық жоспарын мерзімінен бұрын және толық орындауға жұмылдырысын!

ССРО Медицина Ғылым академиясының Н. Н. Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтының Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Медицина Ғылым академиясының Н. Н. Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастырылғанына 20 жыл толуна байланысты және оның совет денсаулық сақтау ісінің алдында сіңірген еңбектері ескеріліп, ССРО Медицина Ғылым академиясының Н. Н. Бурденко атындағы нейрохирургия ғылыми-зерттеу институты **Еңбек Қызыл Ту** орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль
4 июнь, 1954 жыл.

С. Р. Қарынбаев жолдасты Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрі етіп тағайындау туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Сібағатолла Рысқалиұлы **Қарынбаев** жолдас Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрі болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Н. ОҢДАСЫНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы,
4 июнь, 1954 жыл.

мадағы шошқаны 100 басқа жеткізіп міндеттеніп отыр.

Бөлхөздың тауық фермасында 340 тауық бар. Быйыл тауықты 1000 басқа жеткізу қарастырылды. Ол үшін колхоз цинкубаторға жұмыртқа тапсырып, 530 балапан алды. Кәзір бұл балапандар шығынсыз өсірілуде.

К. АСЫЛТАЕВ.

Токшын совхозында

Токшын совхозында жұмысшылардың жұмыстан бос уақыттарын мәдениетті және көңілді өткізуіне қажетті жағдайлар жасалған. Совхоздың орталық усадыбасында және 3 фермасында клуб бар. Бұларда үнемі кинофильмдер көрсетіліп, ойын-сауық кештері өткізіліп тұрады. Клубтардың іші урядармен, плакаттармен безендіріліп, клуб үйінің жанындағы учасоктерге ағаштар егілген.

Кезінде, сапалы жыртылған пар — мол өнімнің негізі

Тың көптеп көтерілуде

«Сталин жолы» колхозындағы (Преснов ауданы) Павленко жолдас басқаратын трактор бригадасының мүшелері көктемгі егіс жұмыстарында жоғары көрсеткіштерге ие болып, егіс жұмыстарын қысқа мерзімде сапалы аяқтауға жетісті.

Механизаторлар астық өндірісін шұғыл арттыру жолындағы күресті кәзір де бәсеңдеткен жоқ. Олар өзара социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, тракторлардың қуатын пар жыртуға өнімді пайдалануда. Тракторшы Шименов жолдас пар жыртуда сменалық тапсырмасын 130—135 процент орындап, еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде. Бұдан тракторшы Лагутин жолдас та қалыспай келеді. Ол өзіне бекітіліп берілген трактордың қуатын тиімді пайдалана отырып, сменалық жұмыс тапсырмасын үнемі артығымен орындап жүр. Осы сияқты тракторшы Теслин жолдас та озаттардың бірі. Теслин жолдас трактор қуатын өнімді пайдаланып, көп жанар, жағар майын үнемдеді.

Тракторшылардың қажырлы еңбегі бригадала аз уақытта 200 гектар пардың жыртылуына мүмкіндік берді.

Павленко жолдас басқарған бригада қол жеткен табысты баянды ете отырып, пар жырту жоспарын агротехникалық қолайлы мерзімде сапалы орындап шығуға міндеттеніп отыр. Механизаторлар алған міндеттемесін аброймен орындап шығады. Оған бригадада тракторлардың дала жұмыстарына тәулік бойы пайдаланылуы, тракторшылардың еңбек өнімділігін арттыру жолында күн сайын жапа табыстарға жетіп келе жатқандықтары және олардың астық өндірісін өркендету жөніндегі күреске барлық күш-мүмкіншіліктерін толық жұмылдырып отырғандықтары кепіл.

Қ. ҚАПАРОВ.

Әр биеден бір құлын

Байтақ Осипов «Сталин жолы» бөлхөзінде (Преснов ауданы) 15 жыл бойына жылқыны болып істейді. Өз ісін үқыпты қарауы және зоотехник, мал дәрігерлерімен үнемі кеңесіп отыруы нәтижесінде, ол жыл сайын қоғамдық жылқы санын көбейтуде елеулі табыстарға жетісіп келеді. Өткен жылы Осипов жолдас 22 биеден 22 құлын алып, олардың бірде-біреуін шығынға ұшыратпай аман өсірген болатын.

Үстіміздегі жылы озат жылқыны 27 биеден 27 құлын алуға міндеттенгенді. Ол өзінің алған міндеттемесін аброймен орындауда. Кәзірдің өзінде құлындаған 18 биеден 18 құлын алып, оларды шығынсыз өсіріп келеді.

А. САДЫҚОВ.

К. ҚАРШАЛОВ.

Жексенбілік

Мамлют ауданы орталығының еңбекшілері ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөнінде партия мен үкмет алға қойған міндеттерді орындауда колхозшыларға іс жүзінде көмек көрсетуде. Әрбір жексенбі сайын аудан орталығындағы жексенбіліктер мен мекемелерден қамқорлыққа алған колхоздарға 300-ге жуық адам барып тұрады.

Өткен жексенбіде Мамлют жөндеу зауытының жұмысшылары мен қызметшілерінен 80 адам Бұйбышев атындағы колхозға барып, 5 гектар картоп және 3 гектар алаңға ағаш отырғызып берді.

А. МҰҚАШОВ.

Поляк кеншілерінің жаңа қаласы

ВАРШАВА, 2 июнь. (СОТА). Польша кеншілерінің социалистік жаңа қаласы — Ново Тыхының құрылысы тез қарқынмен салынуда. Үстіміздегі жылы қалада 4.200 тұрғын бөлме салынады. Бұл соңғы үш жыл ішінде пайдалануға тапсырылған бөлмелер санынан да артық. Қалада халықтың саны быйыл екі есе көбейеді. Қалада тұрғын үйлер салумен қатар әлеуметтік тұрмыстық және мәдени-ағарту мекемелерін салу жұмысы да кеңінен жүргізілуде. 1954 жылдың аяғына дейін 2 мектеп, 2 балалар бақшасы мен балалар яслилері, 30-дан аса магазин, тұрмыс қажетін өтейтін 30-дан аса пункт салынып бітеді.

Пар жыртуды 10 июньде аяқтаймыз

Облысымыздың еңбекшілері сияқты біздің бригаданың мүшелері де егіншіліктің мәдениетін барған сайын арттыру күресіне зор ұйымшылдықпен кірісіп, көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы өткізді. Механизаторлар Ворошилов атындағы колхоздың колхозшыларымен жұмысты тығыз ынтымақтаса істеп, дөңді дақылдар егісін егуді ең қолайлы мерзімде өткізді.

Бригада мүшелері көктемгі егіс кезінде қол жеткен табысты баянды ете отырып, келесі жылдың егісі үшін пар дайындауға зор ұйымшылдықпен кірісті. Бригада мүшелерінің алдына қысқа мерзімде 400 гектар пар жырту міндеті қойылды. Кәзіргі уақытта біз бұл жұмысты үлгілі жүргізудеміз.

Пар жыртудың алғашқы күнінен бастап тракторшы В. Владимов жолдас еңбектің жоғары көрсеткішіне ие болып жүр. Ол «ДТ—54» тракторымен бір сменада 7,5 гектар орнына, үнемі 10 гектар жер жыртады. Тракторшы Ф. Гусельников жолдас та «СТЗ—НАТИ» тракторымен сменасында 9 гектарға дейін жер жыртып жүр.

Жоспар толық орындалды

Полудень ауданындағы Токшын совхозы егіс жоспарын ауданда бірінші болып аяқтаған-ды. Совхоз механизаторлары көктемгі егіс жұмыстары аяқталысымен пар жыртуға кірісті. Бұл жұмыста тракторлардың қуаты неғұрлым өнімді пайдаланылды. Жекелеген тракторшылар еңбек өнімділігін еселеп арттырып, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Мәселен, тракторшы А. Конюка жолдас сменасында 7,5 гектар орнына, 9 гектар жер жыртып, Тракторшылар Филатов және Маме-

Бригада мүшелерінің пар жырту ісіне жауаптылықпен қарап, бұл жұмысқа тракторлардың қуатын өнімді пайдалана білулерінің нәтижесінде бригада кәзірдің өзінде 235 гектар пар жыртылды. Ал, график бойынша біз бұл уақытқа дейін 145 гектар пар жыртуға тиісті едік.

Механизаторлар ерте жыртылған пар — мол өнімнің негізі екенін жақсы түсінген. Сондықтан олар бұл жөніндегі жоспарды 10 июньге дейін толық орындауға міндеттеніп, еңбек өнімділігін еселеп арттырды.

Бригада мүшелері жанар, жағар майларын да көптеп үнемдеуде. Кәзірдің өзінде бригада бойынша 400 килограмнан астам жанар май белгіленген мөлшерден кем жұмсалды.

Біздің бригада тракторлардың қуатын пар жыртуға неғұрлым өнімді пайдалана отырып, келесі жылғы егістің қысқа мерзімде өткізілуіне осы бастан әзірлік жұмыстарын жүргізе береді.

П. УДАКОВ,

Асанов МТС-нің № 4 трактор бригадасының бригадирі.

Озат бригадаларда

Булаев ауданындағы Сталин атындағы колхозда Булаев МТС-нің № 21 трактор бригадасы көктемнің алғашқы күндерінен бастап өнімді еңбек етіп келеді. Бригада мүшелері тракторлардың қуатын дала жұмыстарына тиімді пайдалана отырып, көктемгі егісті қысқа мерзімде сапалы аяқтап шыққан-ды.

Бригада мүшелері егіс жұмыстары аяқталысымен дереу пар жыртуға кірісті. Механизаторлар бұл жұмыста да еңбектің тамаша үлгілерін көрсетіп жүр. Мәселен, тракторшы В. Мадаев жолдас өз сменасында 5,6 гектар орнына, үнемі 8—9 гектардан жер жыртады. Тракторшы В. Гурин жолдас та озаттардың бірі. Ол смена сайын «С—80» тракторымен 11—12 гектардан пар жыртуға жетісіп жүр. Осы сияқты тракторшылар Шервенок және Годунов жолдасар да нормаларын үнемі 105—110 проценттен орындайды.

Тракторшылардың өнімді еңбек етулеріне тіркеушілер К. Есенғұлов, К. Қыраубаев, С. Сәрсенов, А. Бірімқожин жолдасар да нақтылы көмек көрсетуде. Олар тіркеу саймандарының тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етумен бірге, жұмыстың сапалы болуына көңіл аудартып келеді.

Осы МТС-тің № 7 трактор бригадасы да пар жыртуға кірісіп, жұмысты қызу қарқынмен жүргізуде. Тракторшы А. Сәрсенбаев жолдас «С—80» тракторымен смена сайын 10—12 гектар пар жыртады.

Бұл екі трактор бригадасының мүшелері пар жыртуда агротехникалық ережелерге сай қолайлы мерзімде аяқтау үшін күресуде.

Б. ЖӘКЕНОВ.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

Марксизм-ленинизмді үйренушілерге көмек

Халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы

Біздің елімізде бейбіт алып құрылыстар жүзеге асырылуда. Совет адамдарының қолымен жаңа қалалар, өнеркәсіп орындары, машина-трактор станциялары салынуда. Совет адамының творчестволық еңбегі табиғатты өзгертуде.

Коммунистік партияның данышпандық басшылығымен совет халқы ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, елімізде көпшілік тұтынатын товарлардың молшылығын жасау міндетін жүзеге асыру жолында қажырлылықпен еңбек етуде.

ССРО-ның коммунистік құрылыста қол жеткен орасан зор табыстары біздің халқымыздың мызғымас творчестволық бұшпанын айғағы болып табылады, халықтар мен мемлекеттердің тағдырын мыңдаған еңбекшілер бұқарасы шешеді, халық — тарихтың нағыз жасаушысы деген маркстік-лениндік қағиданың даусыздығын дәлелдейді.

Қанаушы таптардың идеологтері капиталистік қоғамдағы сыяқты ертедегі құл иеленушілік қоғам мен феодализмде де халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы мәселені қасақана бұрмалады. Түрлі реакцияшыл, идеалистік теорияны уағыздаушылар халық бұқарасына ешқандай саналы қозғалыс жасай алмайтын еңсар «тобыр» ретінде қарады. Бұқараға керітартпалық, тағылық соқыр сөзім сыяқты жат қасиеттерді таңуға тырысты.

Халық бұқарасының тек қанаушыларға еңбек ету правосы ғана танылды. Оның тарихтағы ролі жоққа шығарылды. Ал, тарихтың жасаушылары болып жеке адамдар: монархия басшылары, корольдер, патшалар, әскери басшылары, мемлекет қайраткерлері дәріптелді. Олар тарихты өздері жасайтын, бұқараны толтастыратын, халықты өздерінің соңынан ерте білетін адамдар ретінде көрсетті. Халық бұқарасы бұл атақты адамдардың қолында ойға көзгенді жасап шығаратын балшық сыяқты болды.

Көзір империалистік буржуазияны қорғаушылар — реакцияшыл философтар мен социологтер халық бұқарасына деген ызалы сандырақтарын онан әрі өршіте түсуде.

Россияда халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы идеалистік қозқарасты уағыздаушылар «ерлер» мен «тобыр» жөніндегі теорияны ұсынған халықшындар, әсерлер болды. Халықшындар қоғамның дамуында бірінші дәрежелі роль атқаратын көрнекті адамдар — «ерлер», олардың идеялары деп есептеді. Тарихты «ерлер» жасайды, халықтың, бұқараның, таптардың тарихта ешқандай маңызы жоқ деп санады.

Буржуазиялық социология — қоғамның даму заңын түсінуге қабілеті жоқ, көрме деген теориялар жекелеген фактілердің жиынтығы мен тарихи процестердің жекелеген жақтарын ғана көрсете алды. Осы теориялардың барлығы да халық бұқарасы қозғалысына оқпай өтті.

XIX ғасырда маркстік ілімге дейін, бұқараның тарихтағы роліне Водянский

зәулім үлкен замонтарды, храмдарды, сарайларды салды. Көзірті буржуазиялық қоғамдағы үлкен қалалар, заводтар мен фабрикалар, пароходтар мен машиналардың бәрін де жұмысшылар жасады.

Халық — тіл мен мәдениетті жасаушы искусствонның ұлы шеберлері, жазушылар, суретшілер, ақындар, музыканттар өздерінің шығармаларын халық творчествосынан алады.

Материалдық және мәдени игілікті жасаушылар таптық қоғамда ауыр тұрмыста азап шегуде. Капитализмде аттөбеліндей қанаушылар миллиондаған еңбекшілер бұқарасын жаныштап, қайыршылыққа тұруға мәжбүр етеді. Таптар теңсіздігін буржуазиялық қаланың сырты көрінісінен ақ байқауға болады: орталықтағы үлкен көшелердегі сәнді үйлерде байлар, ал, қала ішіндегі үңгірлерде кедейленген еңбекшілер бұқарасы тұрады. Капитализмге материалдық игілікті жасаушы — жұмысшылар өздерінің қаторғалық еңбегіне келесі күнге жұмысқа жаран, капиталистке тағы да пайда келтіретіндей ғана жалақы алады.

Марксизм-ленинизм тарихты жеке адамдар, «ерлер» емес, халық, бұқара жасайды деп үйретеді. Ерлер халықты жасамайды, мұның керісінше халық ерлерді туғызып, тарихты алға бастырады. Бұдан тарихта жеке адамдардың, ерлердің ешқандай ролі жоқ деген ұғым тумайды. Тарихта қызметтерінің ерекше маңызы бар көрнекті жеке адамдар аз болған жоқ. Ерлер, көрнекті жеке адамдар өздерінің қызметін қоғамның тарихи қазетіне бағындырып отырған уақытта ғана, қоғам өмірінде елеулі роль атқара алады. Ұлы адамдардың ұлылығы сонда, олардың халық қажетін түсіне білуде, тарихи оқиғаның барысын көрегендікпен болжап, оны қоғам мақсаты үшін орынды пайдалана білуде.

Тек өзінің қызметін қоғамның алдыңғы қатарлы күштерімен, таптарымен шебер байланыстыра білугі жеке адамдарға тарихта прогрессивті роль атқаруға мүмкіндік береді. Әресе, жұмысшы табының көсемдері — Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің ролдері ерекше. Маркс пен Энгельс — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, бірінші интернационалды құрушы, жұмысшылардың ұстазы. В. И. Ленин — дүние жүзі пролетариаттарының көсемі, СОКП мен Совет мемлекетінің негізін салушы, марксизмді империализм жағдайында творчестволықпен қолданушы. И. В. Сталин — Лениннің ұлы шәкірті, оның ісін алға апарушы. Ол дүние жүзіндегі алғашқы социалистік мемлекетті 30 жылға жуық басқарып келді. Өздерінің саналы өмірін халық қызметіне арнаған Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің мәңгі жасайтын идеялары миллиондаған адамдарды менгеріп, оларға сәулетті болашақ пен бақыттың жолын көрсетуде.

Бұқара қанаушыларға қарсы өзінің күресінде көрнекті ұйымдастырушылар мен көсемдерді туғызып, өсірді. Тап күресуіне қарай анықталатындығын тарихи фактілер дәлелдеп келеді. Бұл тұрғыдан алып қарағанда социалистік революция нағыз терең мәнді революция болып табылады. Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясы қалың бұқараны қыймылға келтіріп, миллиондаған адамдарды күреске көтерді. Революция адамзат тарихында жаңа дәуір — капитализмнің күйреу және социализмнің жеңу дәуірін ашты.

Буржуазиялық және буржуазиялық-демократиялық революциялар да осы сыяқты халық бұқарасының қатысуымен болды. Бірақ, олар еңбекшілердің жағдайын өзгерткен жоқ, олар тек қанаудың бір түрін екінші түрімен ауыстырды. Феодадық қанаудың орнына капиталистік қанауды туғызды.

Октябрь социалистік революциясы адамды адамның қанауың мүлдем жойып, еңбекшілерді өз өмірінің қожасы етті. Еңбекшілер депутаттарының Советтері арқылы қалың бұқара ел басқаруға кеңінен тартылды. Советтер бұқараның творчестволық инициативасының дамуына барлық жағынан толық жағдай жасады.

Совет Одағының халықтары Коммунистік партияның басшылығымен елімізде социалистік жолмен қайта құру жолында зор жұмыстар істеп, экономикалық жағынан артта қалған, аграрлы елді алдыңғы қатарлы индустриялы-колхозды державаға айналдырды. Халықтардың толық теңправолылығы мен достығына негізделген көп ұлтты социалистік мемлекет құрылды. Совет Одағының көптеген халықтары орыс халқының туысқандық көмегімен патриархальдық-рушылдық және феодадық қарым-қатынастан капитализмге сондай тікелей социализмге көшті.

Елімізде социализмнің жеңуі экономиканы ғана емес, сонымен бірге, совет халқының моральдық-саяси, рухани бейнесін өзгертті, жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар өзінің еңіпаты бойынша мүлдем жаңа тапқа айналды. Сондай-ақ интеллигенция да өзгерді, халық бұқарасынан шыққан совет интеллигенциясы халықтың терең тамырымен байланысып, халық үшін қызмет етеді.

Советтік қоғамда совет халықтарының саяси-моральдық бірлігі, халықтар достығы, советтік патриотизм сыяқты жаңа қозғаушы күштер туып, онан әрі нығайды.

ССРО-дағы социалистік құрылыс өзінен құлдық бұғауын ертіп тастаған халықтың қандай ерліктерге болсын қабілетті екенін көрсетіп берді.

«У-шусыз және даурықсыз, заводтар мен фабрикаларды, шахталар мен темір жолдарды, колхоздар мен совхоздарды құрып жатқан, өмірдің барлық игіліктерін жасаушы, бүкіл дүние жүзін киіндіріп-шүйдіріп отырған жұмысшылар мен шаруалар, — деді И. В. Сталин, — нағыз ерлер және жаңа өмірдің жасаушылары, міне, осылар».


Совет адамдары азамат соғысы мен екінші

дүние жүзіндегі халықтар бұқарасының саналылығы мен ұйымшылдығы күн санап өсіп келеді. Соғыстан кейінгі жылдарда жеке елдерде, сол сыяқты, халықаралық көлемде еңбекшілердің қуатты ұйымдары құрылды. Дүние жүзі елдерінің 80 миллионнан астам жұмысшыларын бірлестіретін Бүкіл дүниежүзілік кәсіпшілер одағының федерациясы, 138 миллион мүшесі бар Бүкіл дүниежүзілік демократияшыл әйелдер федерациясы, 75 миллион адамы бар Бүкіл дүниежүзілік демократияшыл жастар федерациясы және басқа бұқаралық демократиялық ұйымдар құрылды. Студенттердің, интеллигенттердің, шаруалардың ұйымдары бар. Еңбекшілер өздерінің правосы үшін, ұлттық тәуелсіздігі үшін, бейбітшілік үшін батыл күреске аттанды. Капиталистік елдерде жұмысшы табының күресі, отар елдерде ұлт-азаттық қозғалысы күшейе түсуде. Олардың күресі мен қозғалысын беделі мен ықпалы күн санап өсіп отырған Коммунистік партиялар басқарады, оларды халық бұқарасы өздерінің мақсатын қорғаушысы деп біледі. Халықтар соғыс ертіп тұтандырушылардың қылмысты жоспарына қарсы бейбітшілікті қорғау үшін беделіне күреске аттануда. Барлық елдердегі жүз миллиондаған бейбітшілікті жақтаушылар ұлы державалардың арасын келіссөздер жүргізу жолымен халықаралық жағдайды шиеленісті бәсеңдетуді талап етуде. Совет Одағының бейбітшілік сүйіп сыртық саясаты еңбекшілер бұқарасының зор қолдауын тауып отыр. Агрессияшыл империалистік топтар өздерінің қылмысты әрекетін бейбітшілік туралы жылған сөздермен бүркемелеп, халық талабымен санасуға мәжбүр болуда. Бірақ, халықтар өздерінің үкіметтерінен сөзден гөр, іске көшуді талап етуде. Сөйтіп, бейбітшілік жолындағы бұқаралық қозғалыс соғыс жолын бөлейтін қуатты күшке айналуға

лиондаған қытай халқына жігер беріп, олардың творчестволық күшінің көзін ашты. Қытай халқы экономикалық және мәдени құрылысты кеңінен өрістете отырып, шетел империализмінің таяуда ғана жартылай отары болған елдің бейнесін өзгертуде.

Коммунистік партия бастаған совет халқы социализмнен бірте-бірте коммунизмге өту міндеттерін шешумен ишугыдануда. СОКП XIX съезінің тарихи қарарларымен жігерленген совет адамдары коммунистік құрылыстың барлық участоктарында қажырлылықпен еңбек етуде. Бұл еңбекте еңбекшілер бұқарасының инициативасы мен белсенділігі айқын көрініп отыр. Социалистік жарыс, озаттар мен өндіріс жаңашылдарының қозғалысы бүкілхалықтық сипат алды. Еңбекшілер еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің сапасын жақсарту және оның өзіндік құнын төмендету үшін, индустриалды материалды үнемдеп, ғылым мен техниканың табыстарын және өндіріс

жолындағы бұқаралық қозғалыс соғыс жолын бөлейтін қуатты күшке айналуға



Ауылшаруашылық машиналарына — жасыл көше! — Солтүстік Қазақстан облысы теміржолшыларының ұраны, міне, осы. Облыстың үлкенді-кішілі станцияларына еліміздің түпкір-түпкірлерінен графика бойынша машиналар артқан жаңа составтар үздіксіз келеді. СУРЕТТЕ: колхоз электр станцияларына және механикаландырылған қырмандарға арналған қуатты локомобильдер артқан составтың Петропавл станциясына келіп тоқтаған кезі. Суретті түсірген А. Розенштейн.

ҚҰЮ ЦЕХЫНДА

Біз қаладағы шойын құю-таразы заводдың құю цехында тұрмыз. Цех еңселі, кең үйге орналасыпты. Әркім өз жұмысымен ғана айналысулы. Жұмысшылардың шапшаң қыймылы мен ынталы жүздері цехта еңбектің қызу жүріп жатқанын, әркімнің өз ісін адал атқаратынын бірден аңғартқандай.

Біреулер қырмандағы сыяқты электр қуаты арқылы қозғалысқа желгіретін үлкен электпен құйған қызыл балшықты елеп жатыр. Екінші біреулері кроватты, өтек, пеш плиткаларын, үй шаруашылығына қажетті және басқа құрал-жабдықтарды құйып жасап шығару үшін сая алуан үлгілерді даярлауда. Ал, екі адам үлкен шелекті екі жағынан ұстап көтереді де, вагран пешінің балшық тұрған металды дайындалған үлгілерге әкеліп құяды.

Балқыған металл үлгілерге құйылған кезде оның жан-жағынан отты жалын атып, бетке қаратпайды. Үлгі жұмысшылар осы процестің бәрін өте шапшаң атқарады. Олардың шығарған өнімдерінде бірде-бірін жоқ десе болғандай.

Құю цехы — заводтың ең күрделі цехтарының бірі. Ол — заводтың мақтанышы. Алайда, завод коллективі бұл цехты күрделімен, жұмыс процесінің зорлығымен емес, басқа цехтарға қарағанда өндірістік жоспарды үнемі мерзімінен бұрын және асыра орындап, социалистік жарыста алдыңғы сапта келе жатқандығы мінезі саналы өнім беруге жетіскені үшін мақтанып етеді.

Бұлардан үлгі жасаушы Нина Романенко, Нина Лунева, Сұлтан Жүзенов, металл құюшы Ефим Морев, Василий Аведов және ваграншы Андрей Литвинов жолақтар да қалысатын емес. Олар айлық тапсырмаларын үнемі асыра орындап, зор жетістіктерге ие болып жүр. Бұлардың бәрі кезір 1955-1956 жылдардың есебіне жұмыс істеді.

Еңбек өнімділігін онан әрі арттыру жолындағы социалистік жарысты өрістету жөніндегі Москва қаласы мен Москва облысы кәсіпорындарының патриоттық бастамасын, бүкіл еліміздегі сыяқты, құю цехының коллективі де асқан зор ықпалмен қарсы алып, қажырлылықпен еңбек етуде.

Әресе, өндіріс алаңының әрбір шаршы метрінен алынатын өнімді ұлғайтудың жолдары мұнда көп қарастырылды. Мәселен, цехта өткен жылы параллельді әдіс бойынша жұмыс істеу енгізілді. Бұл әдіс бойынша технологиялық процестер бірінен соң бірі емес, бір мезгілде орындалатын болды. Алғашқы кезде металл құюшылар көп қыйыншылықтарға кездесті. Вагран пешінің жұмыс өнімділігі цех коллективіне бір циклдағы жұмысына даяр құйыман түсіруді, жерді дайындап, екінші рет детальды үлгіге салып үлгіруге мүмкіндік бермеді. Цехтың бастығы Анатолий Стальмах бұл жағдайдан шығудың жолын танып, Оның ұсынысы бойынша вагран пешінің диаметрі 700 миллиметрден 570 миллиметрге дейін кемітілді. Сөйтіп, вагран пешінің жұмыс істеу уақыты екі еседей арттырылды. Бұл бір циклдағы жұмыс уақытында үлгі құю алаңын екі рет пайдалануға мүмкіндік

тың демократ-революционерлері жақын келді. Олардың тарихқа көзқарасы тап күресінің идеясымен бейнеленеді. Олар халық бұқарасынан тарихтың қозғаушы күшін көріп, тарихи оқиғаларды халық бұқарасының ролімен байланыстыруға тырысты.

Чернышевский шаруалар бұқарасын революцияға шақырды. Ол халықты самодержавиеді құлату үшін қарулы көтеріліске шақырып, прокламация жазды. Орыстың революционер-демократтары бұқараның тілегін көздеп, еңбекшілер бұқарасына жақын болды, оның күшіне сенді. Халық бұқарасының ролін түсіну мәселесінде олар тарихи материализмге жақын келді. Бірақ, тарихи материализмнің позициясына біржола көшу үшін оларға сәл кездегі Россияның қоғамдық қатынастары бөгет жасады. XIX ғасырдың орта шенінде Россияда пролетариаттың жаңа шыға бастағаны, оның тап ретінде толық қалыптаспағаны мәлім. Сондықтан демократ-революционерлер революцияда барлық үмітті тек шаруалардан күтіп, қателесті. Олар тек шаруалар көтерілісі арқылы ғана қоғамдық құрылысты өзгерте алды.

Тек марксизм-ленинизм ғана қоғамның дамуына ғылыми талдау жасап, тарихи оқиғалардың себебі жеке адамдардың өктемдігімен емес, идеялармен емес, материалдық игіліктерді өндіру тәсілімен белгіленетіндігін көрсетті.

Қоғам тарихы — ең алдымен өндіріс дамуының тарихы, адамдардың өндірісті қатынастары мен өндіріш күштердің тарихы. Қоғам тамақ, киім, аяқкиім, отын және басқа осы сыяқты, материалдық игіліктерді өндімейінше өмір сүре алмайды. Ал, материалдық игілікті өндірушілер — еңбекшілер, халық болып табылады. Олай болса, адам қоғамының тарихы — еңбекшілер бұқарасының тарихы.

Құлдар көтерілісі құл иеленушілік құрылыстың күйреуіне әкеп соқты, басыбайлы шаруалардың көтерілісі феодализмнің құлауына әкеліп соқты. XVII-XIX ғасырларда Батыс Еуропа елдеріндегі буржуазиялық және буржуазиялық-демократиялық революциялар кезінде шаруалар бұқарасы шешуші күш болды. Бұл оқиғалар феодализмді құлатып, капитализмге жеңіс жолын ашты, бірақ, өкмет басына келген буржуазия өзінің одақтасының қайыршылыққа ұшырауына бөгет бола алмады. Капитализм тұсында миллиондаған шаруалар семьясы жерден айырылып, күйзелді, қалаға барып пролетариатқа айналуға мәжбүр болды. Шаруалардың күйзелуі империализм дәуірінде тіпті күшейе түсті. 1880 жылдан 1952 жылға дейін Францияда фермерлер мен ауыл шаруашылығы жұмысшыларының саны 11 миллионнан 6,5 миллион адамға дейін кеміді.

Адам қоғамындағы барлық байлықты халық жасады. Құлдардың қолымен жасалған көне заман мәдениетінің, есімі Греция мен Рим мәдениетінің ескерткіштері өздерінің тамашалығымен осы уақытқа дейін көзге түседі. Басыбайлы шаруалар

ты мен ұйымшылдығы, әсіресе, жұмысшы табы тарихи аренаға шыққан кезде жоғары көтерілді.

Жұмысшы табы социализмнің жеңісі жолында қанаушыларды құлату үшін күресте еңбекшілер бұқарасын басқаруға қабілетті ең алдыңғы қатарлы, революцияшы тап болып табылады. Бірақ, социалистік революцияның жеңуі үшін, еңбекшілер бұқарасын капитализмге қарсы күнті шабуылға бастай білетін жұмысшы табының революцияшыл партиясы болуы қажет. Россияда мұндай партияны, оппортунизм мен келісімпаздыққа жол бермейтін, жаңа типті революцияшыл маркстік партияны ұлы Ленин құрды. Ол партия царизмге, капиталистер мен помещиктерге қарсы күресте халықты талай қыйыншылықтардан мүдіртпей алып шықты, бұқараны Совет өкметін орнату үшін, елімізде социализмнің жеңуі үшін күресте ұйымдастырды. Совет Одағының Коммунистік партиясының жарты ғасырлық тарихы — пролетариаттың бұқараны күресте бастай алатынына, оны жеңіске жеткізетіндігіне айқын мысал бола алады.

Халық бұқарасы революция уақытында, есіндік батыл күйреуге ұшырап, жаңа әлеуметтік құрылыстың орын теуін жатқан кезінде ерекше роль атқарады. Революциялар — тарихтың локомотивтері, — деген Маркс, Революция халық творчествосының көзін ашып, оның еркін жайылуына ерік береді.

«Бұқара халық, — деп жазды В. И. Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында, — революция кезіндегідей уақыттан басқа еш уақытта жаңа қоғамдық төртіндердің нағыз бәсеңді жасаушысы болып шыға алмайды. Мұндай уақыттарда халық керемет жасай алады».

1905 жылы, бірінші орыс революциясының шалқып аспанға шығып тұрған кезде бұқарада болашақ Совет өкметінің түрі — жұмысшы депутаттарының Советін құру идеясы туды. Бұл революцияшылар бұқараның қолындағы революция әперген халық творчествосының жаңа қуатты бір құралы болды.

Халық бұқарасының инициативасымен творчестволық күшіне сүйеніп отырып, Коммунистік партия бұқараны патша мен капитализмге қарсы шабуылға дайындады. Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуін қамтамасыз етудегі себептердің бірі, міне, осында. «Бейбітшілік жолындағы жалпы демократиялық қозғалысты, помещиктердің жерін тартып алу жолындағы шаруалардың демократиялық қозғалысын, ұлттардың тең праволылығы жолындағы ұлт-азаттығы қозғалысын және буржуазияны құлату, пролетариат диктатурасын орнату жолындағы пролетариаттың социалистік қозғалысы сыяқты әртүрлі революциялық қозғалыстардың бәрін тек осындай партия ғана жалпы революциялық бір арнаға қоса білді. («Партия тарихының қысқаша курсы», қазақшасы, 217-бет).

Қоғамдағы революциялық өзгерістердің түпкі себебі оған халық бұқарасының қа-

рында Совет өкметінің жеңістерін қорғап қалды. Ұлы Отан соғысы совет қоғамының материалдық және рухани сапасын байқайтын нағыз қатты сын болды. Халқымыз бұл сыннан мүдірмей өтіп, фашистік басқыншыларды құл-талқан етіп, елімізден қуып қажы қоймай, сонымен бірге адамзатты фашизмнің құлдығына айналду қаупінен қорғап қалды.

Коммунистік партия соғыстан кейін совет халқын еліміздің халық шаруашылығын қалпына келтіру және оны оның әрі өркендету жолындағы күресте жұмылдырды. Өте қысқа мерзім ішінде халық шаруашылығы толық қалпына келтіріліп қана қоймай, соғысқа дейінгі дәрежесінен әлде қайта асып түсті. 1953 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1940 жылғы дәрежесінен екіжарым есе артты. Партия мен Үкмет ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету шараларын белгіледі.

Еліміздің жердің көлемі 13 миллион гектардың және тыңайған жерлерді игеру есебінен кеңейтіліп, таяудағы екі-үш жылдың ішінде елімізде астық молшылығы жасалады. Халық тұтынатын товарларды көптеп шығару жөнінде де бірқатар шаралар белгіленді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдары белгілеп берген, елімізде астық молшылығын жасап, жеңіл өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз ету программасын совет халқы өздерінің творчестволық еңбегімен жүзеге асыруда.

Капитализм өзінің жыртықшылық заңдарымен халық таланттарын басып, жаныштау арқылы халық бұқарасының рухани жағынан өсуіне бөгет жасайды. Ал, біздің елімізде еңбекшілер мәдениеттің барлық игіліктерімен пайдаланады. Ғылым, әдебиет, искусство халық мақсатына қызмет етеді. Советтік Конституция білім алуға кең право берді. ССРО-да 57 миллионнан астам адамдар оқудың жарлық түрлерімен қамтылған. Мыңдаған мектептер және басқа оқу орындары салынуда. Совет халқының мәдениеті — дүние жүзіндегі ең жоғарғы, алдыңғы қатарлы мәдениет. Ол совет адамдарының қажырлы еңбегін, бейбітшілікке ұмтылушылығын, коммунизмнің жеңісіне сенетіндігін бейнелейді.

ССРО-да социализмнің салтанат құруы халық бұқарасының қанаушыларсыз-ақ өмір сүре алатынын бүкіл әлемге әйгілеп берді. Коммунистік партияның басшылығымен жұмысшы табы бастаған еңбекшілер буржуазияның қарсылығын жойып, социалистік қоғам орнатты. Капиталистік қоршау дүние жүзіндегі ең туңғыш социалистік мемлекетті құлатуға қанау әрекеттенсе де, оның бұл зұлымдығынан ештеңе шықпады. Жеңімпаз Совет Одағы — мызғымас қамал, халық жеңімейді.

Ұлы Октябрь революциясы қаналушы халыққа бостандық жолын көрсетті. Совет Одағының тәжірибесін пайдалана отырып, халықтық демократия елдері де социалистік құрылысты ойдағыдай жүзеге асыруда. Ұлы қытай халқы да жаңа даму жолына түсті. Халықтық өкмет мил-

лиар революционерлердің еңбегімен енгізу үшін күресуде. Жыл сайын қолхозшылардан, селолық механизматорлардан еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыс жағдайын жақсартуға бағытталған мыңдаған өнер табу және жаңалық ұсыныстары түседі.

Ғылым мен өндірістің тығыз ынтымақтастығы, ғалымдар өз білімдерін жұмысшылар мен қолхозшыларға беріп, озыттар, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің жаңашылдары, жоғарғы оқу орындарының мінбесінен лекциялар оқып отырған социализм елімізде ғана болуы мүмкін. Ғылым мен өндіріс қызметкерлерінің коммунистік құрылыстың ісіне өздерінің үлесін қосудағы мүддесі мен талабының бірауы осымен білінеді.

Бұқараның барлық қызметі мен творчестволық қуатын социалистік қоғамның басты және бағыт беруші күші болып отырған Коммунистік партия қозғалысқа келтіріп, дамытып отырады. Коммунистік партия — совет халықтарының көсемі. Ол миллиондаған адамдардың күн-жігерін бірлестіріп, коммунизм үшін күрестегі мақсат пен перспективаны белгілеп береді. Партия мен Совет Үкметінің саясаты халықтың түпкі мүддесіне жауап береді. Халық қамын ойлау — партияның ең жоғарғы заңы. Біздің партия — халық бұқарасымен тығыз байланысты нағыз халықтық партия. Сондықтан да оны халық бұқарасы үнемі қолдан отырады. Халықпен үздіксіз байланыс, оның мүддесін қорғау — партияның жеңімпаздығының қайнар көзі болып табылады.

Басшылықтың коллективтік принципі — біздің партиямыздың беріктігінің, оның қарарларының дұрыстығының аса маңызды қайнар көзі болып табылады. Маркстік - лениндік теорияға сүйенген Орталық Комитеттің коллективтік дамып-дағдығын партия мен елге дұрыс басшылық жасауды, партия қатарының бірлігі мен мызғымастығын және коммунистік құрылысты ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз етіп отыратындығын Коммунистік партияның тарихы көрсетіп отыр. Партия мәселені жеңе шешу сыяқты теріс практикамен қатаң күрес жүргізіп келеді.

Коммунистік партияның саясатының дамып-дағдығы мен дұрыстығы — коллективтік басшылықта. Коммунистік партия өзінің жұмысында қоғам дамуының объективті заңдарына сүйеніп отырып, маркстік-лениндік ғылымды, оның ішінде тарихты жасаушы — халық бұқарасының ролі туралы маркстік қағиданы басшылыққа алып, совет халқын коммунизмге бастап келеді.

Халық бұқарасы өз тағдырын өздері шешеді. Совет халқы қашан да өз тағдырын өзі шешіп келеді. Коммунистік партияның басшылығымен біз коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса береміз. Бізді бұл жолдан тайдыра алатын ешқандай күш жоқ.

Б. ПЕТРОВ,

ҚКП облыстық комитетінің лекторлар тобының жетекшісі.

да, цехта социалистік жарыс пен үгіт-бұқаралық жұмысы пәрменді ұйымдастырылған. Көзір Нина Лушева, Тамара Ермолина, Иван Пименов және Нина Ромачева істейтін комсомол-жастар бригадасы смелілік тапсырманы 200-250 проценттен орындап жүр.

Цехта өндіріс процестерін жетілдірудің жолдарын тынбай іздетіріп, творчестволық еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер де аз емес. Солардың бірі — техник Юрий Вержинский жолдас. Ол еңбек өнімділігін арттыруға, өнім сапасын жақсартуға мүмкіндік берген бірнеше рационализаторлық ұсыныстар жасады. Мәселен, жұмыс процесінің барысында модельді плиталар жасайтын үлгілердің құрылысында көптеген кемшіліктердің бар екендігі байқалды. Сол себепті өнімде ақау да көтіп қалатын, материал да көп жұмсалатын. Осы жағдайды болдырмау үшін Вержинский жолдас плита үлгілеріне өзгерістер енгізуді ұсынды. Қалыптағы ойыстарды бұрынғыдан едәуір көбейтті де, құйылған металлды қажыққа жайылып кетпейтіндей етті. Көзір Вержинский жолдас ұсынған жаңа үлгі қалыпта құйылып, өнім көптеп шығарыла бастады. Ол жақсы нәтиже беруде.

Өзат цех коллективінің қажырлы еңбегінің жемісті нәтижелері, міне, осындай. Цехтың көптеген жұмысшылары өнімді еңбектері үшін талай рет наградалар, мақтау грамоталарын, сыйлықтар да алды. Коллектив мүшелерінің социалистік жарысты күннен күнге өрістетіп отырып, жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын және асыра орындап шығатындығы сөзсіз.

Р. УӘЛИЕВ.

Спорт алаңдары мен стадиондарда

«Динамо» ерікті спорт қоғамының спортшылары өткен аптада өздерінің жеңіл атлетика бойынша спартакиадасын өткізді. Бұл спартакиада да облыстың чемпионы Петр Евсеев зор табысқа ие болды. Ол жүз метр қашықтықты 12,3 секундта жүзгіріп өтіп, 10 метр 15 сантиметр жерге ядро лақтырды, биіктіктен секірудегі оның көрсеткіші 1 метр 55 сантиметр болды. Сөйтіп, талантты спортшы жарыстың бұл түрлерінің барлығынан бірінші орынға шықты. Бұл сыяқты жауапты жарысқа алғашқы рет қатысқан спортшы Смоленский да көрсеткіші ойдағыдай. Ол жүз метр қашықтықты 14 секундта жүзгіріп отырып, әйелдер арасында бірінші орынға ие болды, ал, ядро және диска лақтырудан бірінші орынды Пальянова жеңіп алды.

Баскетбол бойынша өткізілген қалалық жарыс та аяқталды. Оған алты ерікті спорт қоғамдарының ерлер және әйелдер командасы қатысты. Жарыста «Пищевик» ерікті спорт қоғамының баскетболшылары (тренері А. Роозесте) жолдас зор табысқа ие болды.

Кеше облыс шахматшыларының кәсіп-одақтардың облыстық Советінің кубогін алу үшін өткізіліп жатқан жарысының финалдық ойыны аяқталды. Бұл ойында бұдан бұрынғы ойындарда жеңіске жет-

кен дайындау және ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағының облыстық Советінің шахматшылары орта және бастауыш мектеп қызметкерлері кәсіподағының облыстық Советінің шахматшыларымен кездесті. Бірінші болып үшінші тақтадағы ойын аяқталды. «Казсельпрометрройдың» бухгалтері Ландук пен Омаров ойындары тең аяқтады, ал, Шағлы астық совхозының қосбайыншысы Петр Бонн жеңіске жетті.

1954 жылдың облыстық спартакиада-сы да басталды. Оны волейболшылар, баскетболшылар және футболшылар ашты. Волейболшылар командасының көздендірушісі «Динамо» командасын, «Урожай» — «Спартак» командасын, «Искра» — «Локомотив» командасын ұтты. Әйелдердің волейбол командаларының жарыстары да қызықты өтті. Мұнда «Искра» командасы көзге түсті. Ол «Локомотив» әйелдер командасын 2:1 есебімен жеңді.

Өткен аптада футболшылар командаларының да ойыны болды. «Пищевик» футболшылары «Динамо» стадионында алаң иелерін 6:1 есебімен жеңіп кетті, ал, энергиялықтар «Искра» командасының футболшыларын 8:1 есебімен жеңді.

Я. АНАТОЛЬЕВ.

Әрбір колхоздың, совхоздың және МТС-тің шөп шабуға тыңғылықты әзірленуін қамтамасыз етейік!

Пшени дайындауға әзірлік нашар

Өткен жылы Преснов ауданындағы Ни. колаев МТС-нің қамтуындағы колхоздар мал азығын дайындау жұмысына кезінде әзірленбеді. Колхоз басшылары шөп шабу жұмысы басталғанға дейін оған әзірлік мәселесіне назар аудармады. Осының салдарынан пшени дайындау жұмысы әрі әзірліксіз, әрі кеш басталды. Соның өзінде пшени жыйнайтын машиналар жөндемедендіктен пшени дайындауға өнімсіз пайдаланылды. Мұның өзі колхоздардың бірде-біреуінде пшени дайындау жоспарының орындалмай қалуына әкеліп соқты.

Колхоз басшылары өткен жылдың кемшіліктерінен бығыл да тиісті қортынды шығармай отыр. Мәселен, Жданов атындағы колхозда шөп машиналарды, тырнауыштарды және басқа құрал-саймандарды жөндеу жұмысы әлі қолға алынбаған. Колхозда 7 шөп машинаның үшеуі, ал 12 ат тырнауыштың 8-і ғана жұмысқа пайдалануға жарамды. Ал, қалғандары жөнделмеген түгіл тиісті бүгінге дейін ұстадүкенінің жанына жеткізілген де жоқ. Колхоз председатели Әбділин жолдасты бұл жағдай қызылдар да емес. Ол шөп шабуға әзірленуге әлі уақыт бар деген зиянды пікірмен арқаны кейінге салып жүр.

Мұндай жайбарақаттық осы МТС-тің қамтуындағы «Путь к коммунизму», «Красное знамя» колхоздарында да орын алып отыр. Бұл колхоздардың басшылары біріншілік егіс жұмыстарымен шұғылданып, пшени дайындауға әзірлікті әлі де кезекке қойып келеді.

Жоғарыда аталған колхоздардың басшыларының пшени шабуға әзірлікке немқетті қарап отырғаны, МТС директоры Әуелбеков жолдасқа ертеден-ақ мәлім. Дегенмен, ол колхоз басшыларының пшени шабуға тыңғылықты әзірлік жасауын ұйымдастырмай, талап етпей, ымырашылық жасап келеді. МТС-тегі кең алымды шөп машиналары колхоздардың өткен жылғы шабындықтарынан МТС мастерскойна әкелінбестен далада қалған. Жданов атындағы колхозда несіздіктің салдарынан МТС-тің екі кең алымды шөп машиналарының кейбір бөлшектері әр жерде, тот басқан күйі жатыр.

Шөп шабу маусымының басталуына санауды ғана күн қалды. Ал, бұл жұмысқа ұйымшылдықпен бастап өнімді жүргізу оған тыңғылықты әзірлікке байланысты. Сондықтан Николаев МТС-і мен оның қамтуындағы колхоздардың басшылары шөп шабуға әзірліктегі жауапсыздық пен жайбарақаттықты дереу жойып, бұл іске барлық жағынан тыңғылықты әзірленуді қамтамасыз етуге тиіс.

ССРО Министрлер Советі мен СӨКП Орталық Комитеті өзінің «1954 жылғы колхоздар мен совхоздарда жемшөп да-

Мал азығының берік базасын жасаймыз

Біздің колхоздың колхозшылары СӨКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысымен жігерлене отырып, өткен жылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің бірқатар шараларын мінсіз жүзеге асырды. Олар мал басының көбеюі, оның өнімділігінің арта түсуі — құнарлы мал азығының берік базасының жасалуына тығыз байланысты екендігін жақсы түсінді. Сөйтіп, қоғамдық малға қажетті жемшөпті кезінде жеткілікті мөлшерде дайындап алды.

Барлық фермаларда табиғи шөп көп болды. Мал өсірушілер мал шаруашылығында жаңа табыстарға жету үшін түліктің барлығын қыста азықтандырып, күту жұмысын зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге толық сәйкес ұйымдастырды. Колхоз басқармасы мен партия ұйымы мал шаруашылығына күнбе-күн көңіл бөліп, нақтылы басшылық жасап отырды. Мал өсірушілер арасында үгіт-бұқаралық жұмыстары ойдағыдай жүргізілді.

Фермалар мал бағып, күтуде тәжірибесі бар ұқыпты колхозшылармен толықтырылды және олар бұл жұмысқа тұрақтандырылды. Малды азықтандыру, күту жұмыстары белгіленген тәртіп, рацон бойынша жүргізілді.

Өткен жылы бірқатар құрылыс жұмыстары аяқталды. 200 бастық қозы тұратын, 50 бастық бұзау үйі жанадан салынды. Ірі малдар тұратын қоралар жөндеуден сапалы өткізілді.

Мал шаруашылығы мамандары колхоздың мал өсірушілеріне күнбе-күн көмек көрсетіп келеді. Олар мал өсірушілерге малды азықтандыру, күту жөнінде зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерді үйретіп отырады. Еліміздегі озат фермалардың, мал өсірушілердің жұмыс тәжірибелерін насихаттайды.

Бізге сауын сыйырлардың құнарлылығын арттыруға жете назар аударылуда. Бірсыпыра сауын сыйырларын ерекше күтімге алып, оларды құнарлы азықтармен азықтандырдық. Сыйырлар ауасын жылыдан едәуір көбеюіне мүмкіндік берді. Колхоз мемлекетке сүт тапсырудың айлық, тоқсандық тапсырмаларын үнемі артығымен орындап келеді.

Колхозда мал қыстау маусымының үлгілі өтуі, мал басының өткен жылғыдан едәуір көбеюіне қолайлы жағдай жасады. Бұл, әрине, колхозшылардың қажырлы еңбегінің жемісі. Сауыншылар

Жоламанова, Оразалина, Дербесова, шөпші Жарқымбаев және тағы басқа бірнеше мал өсірушілер қыс бойы қажырлы еңбек етіп, колхозшылардың зор құрметіне бөленді. Шөпші Жарқымбаев жолдас төл алу маусымында аянбай еңбек етті. Ол бұл уақытқа дейін 190 саулықтан 222 қозы алып, оларды шығынсыз өсірді.

Фермаларда асыл тұқымды малдардың саны жылдан-жылға көбеюе түсуде. Біз бұл табысқа аналық малдарды асыл тұқымды аталық малдармен шағылыстыру арқылы жетісудеміз. Көзірдің өзінде қойлардың көпшілігі биязі және жартылай биязі жүнді.

Біз мал шаруашылығындағы бірқатар табыстарға тек қоғамдық малды құнарлы азықпен толық қамтамасыз ету арқылы ғана жетістік. Сондықтан біз быйылғы жылы да, қысқы маусымға малға азықты көптеп дайындаймыз. Быйыл көктемде мал азығының дақылдар егісінің көлемі едәуір ұлғайды. Малға деп жүздеген гектар сулы мен арпа егілді. Мұнымен бірге, қызылша, жүгері, картоп, біржылдық және көпжылдық екіе шөптер егісінің көлемі де едәуір ұлғайды.

Колхозшылар табиғи шөпті шабу, жыйнау маусымына да барлық жағынан үлгілі әзірленуде. Олар көлік шөп машиналары мен тырнауыштардың көпшілігін жөндеп алды. Көзір колхоз басқармасы пішіншілер бригадасын ұйымдастырды. Ол бригаданың құрамына күш-көліктері мен жұмыс адамдары жеткілікті мөлшерде бөлінеді.

Мұнымен бірге колхозда МТС-тің бірнеше шөп машиналары жұмыс істейді. МТС механизаторлары мал азығының көбін өздері дайындауға міндеттеніп отыр. Олар шөп шабу, шабылған шөпті жыйнау және майлау жұмыстарын комплексті механикаландыруды ұйымдастырмақ. Колхоз басқармасы мал азығын дайындаудағы механизаторлардың өнімді еңбек етуіне барлық жағдайлар жасайды.

Біздің колхоздың колхозшылары мал азығының берік базасын жасау арқылы қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде жаңа табыстарға жетеді. Олар 1 октябрге дейін мал өсіру жоспарын барлық түлік бойынша орындап, мал қыстау маусымына үлгілі әзірлікпен кіріседі.

С. ҚҰСАЙЫНОВ,

Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының мал дәрігері.



Тоқшын ет-сүт совхозының сауыншысы Галия Әбдірашитова 1953 жылы өзіне бекітіліп берілген әрбір сауын қы-ырдан 3434 литр сүт сауды. Сүт сауу жоспарын орындағаны үшін ол 1400 сом ақпалай сыйлық алды. Быйыл үздік сауыншы әрбір сыйырдан 4 мың литр сүт саууға міндеттенді.

СУРЕТТЕ: Галия Әбдірашитова жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Трофименко асығар емес

Өткен жылы Каганович атындағы ауылшаруашылық артелинде (Совет ауданы) шөп шабуға әзірлік өте кеш басталып, уақытында аяқталмады. Сөйтіп, жемшөп дайындау жұмыстары өте ұзаққа созылып, колхозда пшени дайындау жоспары орындалмады. Мұның өзі өткен мал қыстау маусымында үлкен қиыншылықтар туғызды. Ал, бұл жағдай колхоз басқармасын быйыл қатты ойландыруға тиісті еді. Бірақ, істің жайы олай болмай отыр.

Өткен жылға қарағанда быйыл колхозда пшени дайындау жоспары едәуір көбейді. Быйыл 22 мың центнер шөп, 14 мың центнер сүрленген азық дайындалуға тиіс. Солай бола тұра да, шөп шабуға ешқандай дайындық жұмыстары жүргізілмей келеді.

Колхозда күні бүгінге дейін шөп шабатын машиналардың, шөп жыйнайтын тырнауыштардың және басқа да құрал-саймандардың көпшілігі жөнделген жоқ. Колхоз председатели Трофименко жолдас

ФЕЛЬЕТОН

Оғаш оқыйғалар мен жат қылықтар

1. Жем үшін жеңетай болған мұғалімдер

Ақсу жетіжылдық мектебінің оқытушылары Молдаш Жәкенов пен Аманжол Есмағанбетовтың осы мектептің V класс оқушысы Әсия Ахметованы оңаша бөлмеге шақырып алып сөйлескендеріне 3 сағаттай уақыт өтті.

— Қалқам, жасың бөлек 16-ға келіп қалды. Ал, ақылың да кем емес. Өмірдегі орыныңды табатын кезіңе келдің, — деп, алыстан орағыта бастады әңгімені Аманжол мұғалім.

— Ия, өз оқытушыларың саған жамандық ойламайды. Сондықтан сен Серғазы Мұхамеджановқа тұрмысқа шық, — деп мәселені бүйірден бір-ақ қойды, мұндайда ұстамсыз Молдаш мұғалім.

— Жоқ, ағайлар, атай көрмеңіздер, мен әлі оқыймын, — деді жас қыз.

— Ойырмай, оқымай-ақ өрге шыққандар аз ба, болмаса оқымағандар өліп жатыр ма, — деп қосарлана сөйледі екі мұғалім.

Тоқ етеріне келсек, екі мұғалім оқушы қызды босатар болмады. Олар қорқыттып та, алдап та сөйлегендеріне нәтиже шықпаған соң, өздерінің тағы бір залымдылығын айтты.

— Жарайды, сен тұрмысқа шықпай-ақ қой, бірақ, кәзір біз сенімен Серғазыны оңаша жолықтырамыз. Сонда сен өтірік болса да «мен саған күйеуге шығуға ризамын» десең болды, өзгесі қажет емес, — десті мұғалімдер.

Оқытушыларының бұл астарлы сөздерінің мазмұнын толық аңғара алмаған жас қыз олардың айтқанын амалсыздан орындады. Жем үшін жеңетай болған мұғалімдердің көмегі арқасында Серғазы Мұхамеджанов жас қыздан «мен сенділіп» деген жауап алды.

Ал, біз айтқанымызды орындады, енді кезек сенікі, — деді жеңетай мұғалімдер «күйеу» жігітке.

— Ердің екі сөйлегені өлгені, айтқаным орында, — деп жауап берді ол да. Көп кешікпей-ақ Серғазының қалтасынан шыққан ақша «ақаңа» айналып, 10 шыны арақ мұғалімдер өңешіне құйылды.

Аресыздықпен ішілген арақ ақылды тұрақтандырған ба! Әбден қыза ішкен олар, енді сол түні Әсияні Серғазының шанаасына салып бермек болды. Аңқаулықпен алдауға түскен Әсия шын хауіптен қалай құтылудың жолын іздеп жанталасты, үйден-үйге тығылды. Ал, оның оқытушылары мен «күйеу» жігіт түн ортасында әр колхозшының үйіне бір кіріп, «қалыңдықты» іздеумен болды.

Халық ағарту орындарының бұл «қайраткерлері» енді неше жас қызды сырттан саудалап, араңдары үшін арын сатар екен?!

2. Жаралылар „жыры“

болды. Адам сыяқты дұрыс отырса бұл әңгіме жазылмас па еді, бірақ, олар араққа әбден құныққанған кейін, «ат мінсең, аулымен бол» деген, сендер де біздей ішіндер, деп отырғандардың арақ ішуін талап ете бастады. Бір-екі адамға жұдырық та салды. Ал, Әбілмәжінов деген оқытушыға күні жұмсамақ болды.

Бұлардың бұл «өнерлеріне» ыза болған халық оларды тойдан қуып шықты.

Бұдан сорақы екінші оқыйға директордың өз үйінде болды. Арақ ішіп ақылдарынан айырылған Дайыров, Жәкенов және Күзенбаев сыяқты мұғалімдер өзара қырғын төбелес туғызды. Қолдарына бір-бір пышақ алысып, бір-бірін жаралады. Ең ақырында, қолдарынан қандарын ағызып, көшеге шығып, мектеп алдында төбелесті.

«Айта берсең сөз көп» дегендей, олардың мұндай «өнерлерін» айтып жеткізуге болмайды. Қонаққа шақырған үй иесін «аракты аз бердің» деп ұрып кету, «үйіңе шақырып арақ бермесең балаңды келесі класқа көшірмеймін» деп қорқыту, не болмаса бірмен-бірі төбелесіп, шу көтеру олардың күнделікті әдетіне айналған.

Бұлар сыяқты басбұзарлар жас ұрпақтарды тәрбиелейді деп сенуге бола ма?!

3. „Пәлесі жүғады...“

— Сүйдім, күйдім, өлдім, өртендім. Өмірдегім де, көңілдегім де сенсің. Сенсіз маған дүние қараң, ауа қапас, әлем тар, — деп қосылған еді, Ленин орта мектебінің оқытушысы Зейіш Уәлиев Ескенге.

— Білмей қалыпшың, махаббаттың алғашқы қызуымен ұрыныпшың. Сүлу дегенім су мұрын екен. Алдандым, қаңыда қалдым, — деген әнге басып жүр сол Уәлиев кәзір.

— Неге алданыпсың? — Менің жоғары дәрежелі білімім бар, ал, Ескеннің білімі орта ғана, — дейді бұл сураққа «алданған» жігіт.

Уәлиев бұл кезде «өле жаздап» қосылған жары Ескенді күн сайын соққының астына алып, жазықсыз тәніне таяқтан таңба түсіріп, адал махаббатты аяққа басып отыр, адал жанды қорлап жүр.

Жұырда ғана ол Ескенді түн ішінде соққыға жығып, бүкіл киімін сыпырып алып, үйден қуып шықты. Қорлық пен мазақтың құлы болған жазықсыз жас өзіне пана іздеп, мектеп директоры Сауытбековтың үйіне, онан соң мектеп партия ұйымының секретары Тайжановтың үйіне барды.

Я, олар не депті дейсіз ғой оқушы жолдас. Олар «ерлі-зайыптылардың арасында ашу-араз болатын. Сондықтан түбінде Уәлиев әйелімді азғырды деп өкпелер. Пәлесі жүғады, үйіңе бар» депті. Амалы таусылған жас Ескеннің ауылдық Советтің председатели Бүгінбаевтікіне барғанда да естігені осы болды.

Ауыр соққы денесін жаралаған Ескен суық түннің ызғарында жалғыз көйлекпен түнімен көшеде жүрді. Таңертең балалаға коммунистік мектеп тұрғын өмірі

ҚЫЗУ ӘЗІРЛІК

Полудень ауданындағы «Прогресс» кол- Левин және ағаш шеберлері Летишов жә-

жерінің партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарынан әрбір колхоздың, совхоздың және МТС-тің шөп шабу маусымына барлық жағынан үлгілі әзірленуін қамтамасыз етуді талап етіп, мал азығын дайындауды ұйымшылдықпен жүргізуді, сөйтіп, қоғамдық малды құнарлы азықпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етуді міндет етіп қойды. Сондықтан Николаев МТС-нің басшылары шөп шабуға әзірліктегі олқылықты тезінен жою арқылы мал азығын дайындау ісінде колхоздарға МТС-тің нақтылы көмегі көрсетуіне жетісуге міндетті.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

құнарлы азықпен қамтамасыз етіп, мал өсіру, оның өнімділігін арттыруда жыл сайын зор табыстарға ие болып келеді. Колхозшылар бұйымсыз мал азығын дайындау маусымына да барлық жағынан үлгілі әзірленуде.

Үстіміздегі жылы колхозда 28 мың центнер мал азығы дайындалуы керек. Мұның өзі колхозшылардан шөп шабу маусымына тыңғылықты әзірлікті талап етеді. Олар бұл міндетті аброймен орындап та жүр. Кәзірдің өзінде колхозда 12 көлік шөп машинасы, 4 тырнаушы және 12 шөп сырғыш сапалы жөнделген. Бұл жұмыста, әресе, ұста А. Фаст, Ф.

т. Олар күнделік жұмыс нормалары біржарым есеге дейін орындап отырды. Бұйым мал азығын дайындау жұмысының көпшілігі механика күшімен атқарылады. Ново-Георгиев МТС-і колхозға бір өздігінен жүретін және үш тракторға тіркелетін шөп машиналарын, екі трактор тырнаушыны бөлді. Мұнымен бірге, колхозда МТС-тің механикаландырылған екі шөп маялағышы және екі шөп сырғышы жұмыс істейді.

Шөп шабудың алғашқы күнінен бастап дайындалған мал азығы дереу мал қораларына тасыла басталады.

Б. ЖАПАРОВ.

байытқан шаруалар бастықпен, шама рәкәттікқа салынумен жүр.

Бұл колхозда өткен жылы 500 бастық қой қорасының құрылысы басталған болатын. Бірақ, қора күні бүгінге дейін біткен жоқ.

Кәзір мал шаруашылығын колхоз өндірісіндегі мол табысты шаруашылыққа айналдыру міндеті алға қойылып отыр. Бұл міндеттің мұлтіксіз жүзеге асырылуы қоғамдық мал үшін күнбе-күн қамқорлық жасауды талап етеді. Каганов атындағы колхоздың басшылары мұны естен шығаруға тиіс.

В. ЛИЗУН.

мектебінде болған-ды. Оқығандар кешіктерде сол мектептің мұғалімдері—жеңгетай Молдах Жәкенов пен директор Балтабай Дайыров болатын.

... Құдалық тойы болып жатқан үйдің өздерін шақырмағанына іштей наразы болған бұл екеуі той болып жатқан үйге шақырысыз жетіп барды. Жай келмеді, өкпе-назарын, ашу-араздарын ала келді. Ол өкпе-назардың арақ берсе жуылатынын да ескертті. Үй иесі арсыздықпен айтылған арыздың орынсыздығын сезгенмен «кет» дей алмады, «отырыңыздар» деген мәжбүр

зықсыз жанды қамқорлыққа алудан бастартты.

Ал, Уәлиев туралы айтармыз—жоғары дәрежелі білімге диплом арқылы не болмайды, сол білімді санада ұстасаң дейміз. Сыртқы сұлу, ішің ылас болудан асқан онбағандықтың жоғын еске алған жөн.

Бұл оқығандар мен жат қылықтар туралы облыстық оқу бөлімі мен заң орынындағы жолдастар не дер екен?

Т. ЕСІЛОВ.

Октябрь ауданы.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат

Пелагея Ивановна Анохина жолдасты Мамлют асыл тұқымды мал совхозының коллективі ерекше құрметтейді, оны совхоздағы сыйыр сауудың шебері деп мақтан етеді. Бұл өте орынды да. Әйткені, Пелагея сүт алуда совхозда ғана емес, бүкіл аудан және облыс көлемінде жоғары көрсеткішке ие болып жүр. Кәзір оның жұмыс тәжірибесі совхоз, аудан, облыста кеңінен насихатталуда.

Пелагея сүт алу мөлшерін жыл сайын еселен арттырып келеді. Ол соңғы екі жылда өзіне бекітіліп берілген әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 4126 килограмнан сүт алды. Бұл оның социалистік жарыста қабылдаған міндеттемедегісінен әлде қайда артық.

Сауыншының осындай зор табысқа ие болуының басты себептері не? Оның себептері біріншіден, сыйырларды азықтандыру, күту ісін зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге зәкіес ұйымдастыруды, екіншіден, сауын сыйырлардың тұқымын асыздандырумен шұғылдануы, үшіншіден, өзінің сүт алудағы шеберлігін арттыруы, мал шаруашылығы өнімдерін көбейту күресіне барлық күш-жігерін аямай жұмсауы деуіміз керек. Төменде сауыншының бұл табысқа ие болу жолындағы тәжірибелеріне тоқталамыз.

Анохина жолдас көп жылдар бойы совхозда қол үзбестен сауыншы болып істей келеді. Ол өзінің ісін сүйіп істейді. Сауыншы мамандығын үнемі арттыра беруді мақсат етеді. Сыйыр саууда жаңа табысқа жетісу үшін ізденіп, газеттерден, журналдардан озыт сауыншылардың тәжірибелерін оқып отырады. Мұндай хабарды радиодан да тындайды. Сонымен қатар сүтті мол алудың жолын іздестіріп, жолдастарынан сұрап, шеберлігін арттыру жолында аянбай еңбек етеді. Сыйырларды бағу, күту, азықтандыру және сауу жөнінде зоотехниктермен жиі-жиі әңгімелесіп тұрады. Осының барлығы оның жоғары көрсеткішке жетуіне мүмкіншілік туғызады.

Сыйырлардан сүтті мол алу үшін оларды құнарлы азықтармен азықтандырудың маңызы зор екенін Пелагея Ивановна өзінің іс тәжірибесінен айқын көруде. Ол 1950 жылы әрбір сауын сыйырдан 3000 килограмнан сүт алған-ды. Егер сыйыр-

СЫЙЫР САУУДЫҢ ШЕБЕРІ

ға күтімді жақсартса түссе, бұдан да жоғары мөлшерде сүт алуға болатындығын ол іс жүзінде дәлелдеді. Пелагея мал мамандарымен ақылдаса отырып, әр сыйырға берілетін азықтың түрін, мөлшерін белгілеп алды және малды сол мөлшермен азықтандырып отырды.

1951 жылдан бастап, совхоз басшылары сауыншылардың және мал мамандарының талабы бойынша құнарлы мал азығының берік базасын жасауға жете назар аударды. Мал азығының дақылдарды көптеп егуіне жетісті. Сөйтіп, бұл жылы сыйырлар жыл бойы құнарлы азықпен қамтамасыз етілді. Мұның өзі совхозда сыйырлардан алынатын сүт мөлшерін 1950 жылғыдан едәуір арттырды. Осы жылы Анохина әрбір сауын сыйырдан 3800 килограмм сүт алып, еңбектің тамаша үлгісін көрсетті.

Сүтті мол алудың негізгі жолы — сыйырларды құнарлы азықпен азықтандыру екенін жете түсінген сауыншы бұл іске үнемі назар аударып келеді. Соңғы жылдары совхозда табиғи шөп, концентрат, сүрленген азықтардан басқа сыйырларға қызылша, картоп беріле бастады. Осының барлығы өткен екі жылда сыйырларды алынатын сүт мөлшерін және сүттің майлылығын арттыруға жеткізді.

—Азық жеткілікті болғанмен,— дейді сауыншы Анохина жолдас, —сыйырларды дұрыс азықтандыра білмесең, сүтті мол ала алмайсың. Малдың азықты неғұрлым көп жеуіне жетісу үшін оған азықты өлсін-өлсін беруді ұйымдастыру қажет. Мұнымен бірге сыйырларға берілетін азықтың түрін әрбір бес күнде өзгертіп отырған жөн.

—Сауын малға үнемі бір келкі азық берсең,—дейді ол,—азықты көп жемейді. Мен бұл жағдайды жете ескеремін. Сыйырларға арпаны бір кезде үктіріп, жарма қылып берсем, одан кейін жылжы суга салып бөрттіріп беремін. Кей уақытта бұл дақылдардың ұнын пісіріп беруді де ұйымдастырамын. Сол сыяқты қызылша мен картоп те кейде пісіріліп беріледі.

Пелагея өзінің осындай қажырлы еңбегінің нәтижесінде сыйырларға берген азықты қалдырмай сүйсініп жеуіне жетісіп жүр. Сауыншы сыйырларды азық-

тандыру жұмысын мал мамандарының жасаған рационы бойынша белгіленген мерзімде жүргізеді. Ол малшылармен бірге сыйырларын азықтандыруды таңертеңгі сағат 4-те бастайды. Бұл кезде әрбір сыйырға 4 килограмм табиғи шөп береді. Бұдан кейін сыйырларды сауады. Аз уақыт тыныққан соң екі килограмнан концентрат үлестіреді. Сыйыр берген жемді тауысқаннан кейін оған тағы да 4 килограмнан шөп береді. Осылайша қысқы уақытта сыйырларға тәулігіне үш мезгіл және екі мезгіл сүрленген азық және төрт мезгіл табиғи шөп беріп жүр. Оның әрбір сыйырға күнделікті беретін азығының мөлшері —16 килограмм көк шөп, 6 килограмм концентрат, 15-20 килограмм сүрленген азық.

Пелагея Ивановнаның сыйырларды азықтандырудағы әдісінің бір ерекшелігі сол, ол азықты сыйырлардың құнарлылығына қарай береді. Оның қарауында сүтті күніне 13 литрден де, 30 литрден де беретін сыйырлар бар. Пелагея сүтті мол беретін сыйырға құнарлы азықты көптеп беруді ұйымдастырған. Мұнымен бірге ол қай сыйырдың қандай азықты сүйіп жейтінін жақсы біледі. Сондықтан малға азықты сүйсініп жеуіне қарай береді.

Анохина жолдас қыста малды азықтандырумен бірге, оларды күту ісіне де жете назар аударады. Қара мал төсегі жұмсақ болса, дейді ол, жеген азығын бойына жақсы сіңіреді. Сол себепті мен сыйырлардың төсегін тәулігіне 4-5 рет ауыстырып отырамын. Менің қарауымдағы сыйырлардың тұратын орны әуақытта таза және құрғақ болатыны да осыдан.

Сүтті мол алуда сыйырларды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сүйеніп отырып төлдетудің маңызы зор. Бұл шараны жүзеге асыру үшін Пелагея төл алу науқанына барлық жағынан үлгілі әзірленеді. Ол сыйырларды дұрыс суалтуға көп көңіл бөледі.

—Біз сыйырларды бузаулауға екі ай қалғанда суалтамыз,—дейді ол.—Сүтті мол беретін сыйырларды суалту оңай емес. Ондай сыйырлар бузаулауға дейін тәулігіне 12—15 литр сүт бере береді. Бірақ, бұл төл алуға және сыйырдың бузаулағаннан кейін құнарын кемітуге әсер

етеді. Сондықтан мен сыйыр суалтуға жауаптылықпен қараймын.

Пелагея сыйырлардың сүтін біртіндеп азайтады. Сүтті азайту үшін ол алдымен сыйырға берілетін құнарлы азықтың мөлшерін кемітеді, бірте-бірте оны мүлдем бермей, тек қана табиғи шөппен азықтандырады. Мұнымен бірге сыйырларды сауу мерзімін өзгертеді және сауу санын азайтады. Алғашқы 2-3 күн бойы сыйырларды тәулігіне үш рет, содан кейін екі рет сауады. 5-6 күн өткен соң бір мезгіл ғана сауып, сонан соң саууды мүлдем тоқтатады. Жазғы жайылымдарда бағылып жүрген сыйырларды қорада бағуды ұйымдастырып, оларды да осындай тәртіп бойынша суалтады.

Сыйырлардан бузауды аман алу және бузаулағаннан кейін алынатын сүт мөлшерін молайту мақсатымен сауыншы сыйырлардың бузаулағанға дейін қонының жақсы болуына назар аударады. Ол, сыйыр өбден суалғаннан кейін құнарлы азықпен азықтандыруды қайтадан ұйымдастырады. Бұл кезде сыйырға азықты қажетінше береді. Міне, осы жолмен ол сыйырлардың бузаулағанға дейін жоғары қонда болуына жетіседі.

Анохина жолдас жаңадан бузаулаған сыйырларға азықты бірден көп бермейді. Екі күн ұдайымен сыйыр табиғи шөппен азықтандырылады. Содан кейін аздап құнарлы азық беріле бастайды. 5-6 күн өткеннен кейін ғана сыйырлар тағайындалған норма бойынша және беретін сүт мөлшеріне қарап азықтандырылатын болады.

Совхоздың басқа сауыншылары сыяқты, Пелагея Ивановна да сыйырларды азықтандыру, сауу, тынықтыру, олардың төсегін жаңарту жұмыстарын белгіленген тәртіп бойынша жүргізеді. Ол жазда да, қыста да сыйырды тәулігіне төрт мезгіл сауады.

—Бұрын біздің совхозда,—дейді Анохина жолдас,—сыйырларды азықтандыру, суару, сауу жұмыстары қолмен атқарылатын. Кәзір бұл жұмыстардың барлығы толық механикаландырылды. Сыйырларға азық асылы жол арқылы үлестіріледі. Әрбір малдың алдында автомат суарғышы бар. Сыйырлардың төсегін ауыстыру, қыйын тазарту жұмысы да механика күшімен жүргізіледі. Бұл біздің еңбегімізді жеңілдетті және еңбектің өнімді болуына мүмкіншілік берді.

Сауыншылардың жақсы көрсеткіштерге жетісуіне совхоздың мал шаруашылығы мамандары да айтарлықтай үлес қосуда. Анохина жолдасын қарауында жылына 4 мың литрдей сүт беретін құнарлы сыйыр болатын. Совхоз мамандары ол сыйырды элитті асыл тұқымды бұқаман шарғылыстырды. Одан алынған бузауды Анохина жолдас Василенка деп атады. Сол бузау кәзір 4 жасқа толып, екінші рет бузаулады. Кәзір одан күн сайын 31 литрден сүт алынады.

Еліміздің барлық еңбекшілері сыяқты, Анохина жолдас та СОБП Орталық Комитеті сентабрь пленумының тарихи қаулысын зор қуанышпен қарсы алды. Ол бұл қаулыны мінсіз орындау күресіне өз үлесін қосуды хасиетті борышым деп санап, қарауындағы әрбір сыйырдан бұйым 4300 килограмнан сүт алуға міндеттеме алып, істес достарымен социалистік жарысқа түсті. Бұл күндері озыт сауыншы берген сүтін аброймен орындау жолында қажырлылықпен еңбек етіп келеді.

Сауыншы алған міндеттемесін мінсіз орындап шығу үшін сыйырларды күтуде, азықтандыруда және саууда өзінің көп жылғы тәжірибелерін кеңінен қолданып жүр. Мұнымен бірге ол мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру жолындағы ғылымның жаңа табыстары өз ісіне батыл енгізіп келеді.

Бұйым Пелагея Ивановнаға бірінші рет бузаулайтын төрт құнажын бекітіліп берілді. Ал, социалистік жарыста қабылдаған міндеттеме ірі, құнарлы сыйырларға лайықталып алынған. Бірақ, Пелагея қайткенде де міндеттемені мінсіз орындап шығамын деген берік сенімде болды. Ол бұл құнажындарды бузауламас бұрын сүтті мол беруге бейімдеді. Бузаулауға екі-үш ай қалғанда олардың желініне үнемі массаж жасап, саууға үйрете бастады. Жас сыйырлардың қандай азықты сүйіп жейтінін біліп, оларды сүйген азығымен өлсін-өлсін азықтандырды, бузаулағаннан кейін тәулігіне төрт мезгіл саууды ұйымдастырды. Осының нәтижесінде сауыншы бірінші рет бузаулаған құнажынның әрқайсысынан күн сайын 20-22 литрден сүт алып жүр.

Кәзіргі уақытта сыйырлар күндізгі уақытта өткен күзде қара бидай егілген участоктерде жайылады. Қалған уақытта әрбір сыйырға 15-20 килограмм сүрленген азық, 4-5 килограмм концентрат жа-

не 12-15 килограмм шөп беріледі. Сыйырлардың жазғы жайылымға шығуы алынатын сүт мөлшерін едәуір арттыруда. Анохина жолдас үстіміздегі жылдың алғашқы төрт айында әр сыйырдан 1385 килограмм сүт алса, май айының өзінде ғана 500 килограмдай сүт сауады.

Ол жазда сыйырдан сүтті мол алу үшін малдың жайылымдарда дұрыс бағылуына жете көңіл бөледі. Мал мамандары сауыншылардың қатысуымен сыйырды жазда жайып бағудың жоспарын жасаған. Онда әрбір учасоктің қай уақытта пайдаланылатындығы белгіленген. Совхоз мал өсірушілері бұйым сыйырларды жаз бойы жайылымдарда бағуға және олардан сүтті мол алуға өткен жылы қамқорлық жасаған-ды. Мұнда өткен жылы және бұйымды көктемде сауын сыйырларды бағу және азықтандыру үшін 2 мың гектардай мал азығындық дақылдар егілген.

Июнь, июль, август айларының ыстық күндерінде алынатын сүтті кемітпеу үшін, сыйырлар күндіз желенкеде азықтандырылады. Бұл кезде сыйырларға көкпе сұлы, мотар шөбі, концентрат беріледі. Ал, кешкі салқында сыйырлар жайылымға шығарылады.

Анохина жолдас сүтті мол алу жолындағы тәжірибесін өзінің еңбектес жолдастарына да үйртіп, олардың да табысқа ие болуларына көмектесіп отырады. Жас сауыншылар Теребаева, Кожина, Шукина жолдастарға сыйырларды күту, азықтандыру жөнінде өзінің көпжылғы тәжірибесін, қайткенде сыйыр сауудың шебері болу жолын, ол үшін қандай кітаптардан, журналдардан кімнің мақаласын оқу керектігін айтады.

Пелагея Ивановна Анохина Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне кандидат. Ол бұл абройға Отан үшін, халық үшін адал ниетімен қызмет етуінің арқасында ие болды.

Совхоз дирекциясының және партия ұйымының міндеті сол —Пелагея Ивановна Анохина жолдасын жұмыс тәжірибесін үнемі насихаттай отырып, совхозта озыт сауыншылардың қатарын көбейту, зейіт, елімізге мал шаруашылығы өнімдерін көптеп беру міндетіне келелі үлес қосу.

Т. КӨДІРОВ.

МАМЛЮТКА.

Совет Одағы Коммунистік партиясы делегациясының Венгриядан ССРО-ға қайта оралуы

Венгер еңбекшілер партиясының III съезіне барған Совет Одағы Коммунистік партиясының СОКП Орталық Комитеті Президиумының мүшесі К. Е. Ворошилов жолдастан және М. Б. Митин, П. Т. Виноградова жолдастардан құрылған делегация 4 июньде Венгер Халық Республикасынан ССРО-ға қайтып келді.

(СОТА).

СОВЕТ СОҒЫС КОРАБЛЬДЕРІНІҢ АЛБАНИЯДАН ТУҒАН ЕЛГЕ ОРАЛУЫ

ТИРАНА, 4 июнь. (СОТА). Кеше кешке адмирал Горшков «Адмирал Нахимов» крейсерінде совет соғыс корабльдері отрядының туған еліне қайтуына байланысты қабылдау жасады.

Қабылдауда Албан Халық Республикасы Министрлер Советінің председатели Энвер Ходжа, Халық жыйналысы Президиумының председатели Хаджи Леши, Албан еңбек партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелері, министрлер, Халық армиясының генералдары мен офицерлері, сол сияқты, ССРО-ның Албаниядағы уақытша елшісі М. Я. Хөшев және соғыс аттәжіесінің міндетін атқарушы К. С. Мартынов жолдас болды.

Қабылдау достық және шын жүректілік жағдайында өтті.

Бүгін таңертең совет соғыс корабльдерінің отряды Албанидан жүріп кетті.

Совет соғыс корабльдерін шығарып салуға Дуррес портына гүлдер, транспаранттар, ұрандар ұстаған Дуррес қаласының мыңдаған тұрғындары жетті.

Шығарып салуда Халық жыйналысы Президиумының председатели Хаджи Леши, Албан еңбек партиясы Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелері, Орталық Комитеттің секретарьлары мен мүшелері, министрлер, Халық армиясының генералдары мен офицерлері, сол сияқты, ССРО-ның Албаниядағы уақытша елшісі М. Я. Хөшев, соғыс аттәжіесінің міндетін атқарушы К. С. Мартынов, халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері болды.

Албан соғыс теңізшілерінен құрметті қарауыл қойылды және ССРО мен Албан Халық Республикасының ұлттық гимндері орындалды.

Адмирал Горшков Дуррес қаласының еңбекшілеріне арнап сөз сөйлеп, былай деп мәлімдеді:

Туған елімізге жүріп бара жатып, совет соғыс корабльдері отрядының теңізшілері сіздерге, сіздер арқылы бүкіл албан халқына, Албан Халық Республикасы үкіметіне, Албан еңбек партиясының Орталық Комитетіне, Дуррес қаласының халық советінің атқару комитетіне, Дуррес облыстық партия комитетіне жылы жүзді және шын жүректен қабылдауларын үшін алғыс айтады және өз елдеріңізде социализм құрылысы жұмыстарында сіздердің аса зор табыстарға жетулеріңізді шын жүректен тілейді.

Шығарып салушылардың ду қолна-

Француз Коммунистік партиясының XIII съезі

ПАРИЖ, 4 июнь. (СОТА). Француз Коммунистік партиясының XIII съезінің Марсель Кашеннің председателдік етуімен өткен 3 июньдегі кешкі мәжілісінде Жак Дюклоның баяндамасы бойынша жарыс-сөз басталды.

Саяси Бюроның мүшесі Этьен Фажонның председателдігімен өткен 4 июньдегі таңертеңгі мәжілісте Жак Дюклоның баяндамасы онан әрі талқыланды. Жарыс-сөзде сөйлеген делегаттар бүкіл француз халқының үкіметтің көзіргі саясатын өзгертуге, Францияның ұлттық тәуелсіздігін қалпына келтіруге, елдің бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қамтамасыз етуге берік бел байлаған ынта-жігерін атап көрсетті. Француз жұмысшы табы, деді шешендер, Францияға мақұлдау үшін неміс бекшілері мен олардың американдық қамқоршы-

лары қасарыса тырысып отырған атышулы «европалық қорғаныс бірлестігін» қабылдамау қажет екенін толық түсінеді.

Таңертеңгі мәжілісте 6 делегат сөз сөйледі; олар «Европалық армияға» қарсы, Вьетнамдағы бейбітшілік үшін, сол сияқты еңбекшілердің экономикалық талаптарын қорғау күресіндегі коммунистер мен социалистердің қыймыл бірлігі туралы мәселеге зор көңіл бөлді.

Съездің күндізгі мәжілісінде Саяси Бюроның мүшесі Раймон Гийо председателдік етті. Ол Саяси Бюроның мүшесі Этьен Фажонға сөз берді. Этьен Фажон Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Француз Коммунистік партиясының XIII съезіне жіберген мынадай құттықтау хатын оқыды:

Француз Коммунист партиясының XIII съезіне

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Француз Коммунистік партиясының XIII съезіне туысқандық сәлем жолдайды.

Франция жұмысшы табының сыннан өткен көсемі — дақты Француз Коммунистік партиясы бейбітшілік, демократия және ұлттық тәуелсіздік жолындағы өзінің қажырлы күресімен халық бұқарасының қалың топтарында зор бедел мен өнімге бөленіп отыр.

Француз Коммунистік партиясының басшылығымен Францияның жұмысшы табы мен еңбекшілері өздерінің тұрмыстық мүдделері мен демократиялық бостандықтары үшін елді американдық империализмнің құлдануына қарсы ойдағыдай күресуде.

Француз Коммунистік партиясы француз халқының Европадағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік және хауіпсіздікті нығайту үшін, жаңа соғыстың хауіпке қарсы, соғыс топтарын құруға және жанталаса қарулануға қарсы күре-

Бұл хатты съездің делегаттары ұлы Совет Одағының Коммунистік партиясының және оның Орталық Комитетінің құрметіне ду қолшанапалақтап, ұрандар айтумен қарсы алды. Съездің барлық делегаттары орындарынан тұрып «Интернационалды» айтты.

Құттықтау хатты оқығаннан кейін Этьен Фажон француз коммунистері мен

сінің алдыңғы қатарында келеді. Француз коммунистері Францияның барлық шын патриоттарын рухтандырып, оларды өздерінің соңынан ертуде.

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Француз Коммунистік партиясының ұлттық тәуелсіздікті және еңбекшілердің өмірлік мүдделерін қорғау, жұмысшы табының қыймыл бірлігін ұйымдастыру және елдің барлық патриоттық күштерін топтастыру, өзінің қатарын нығайтып, партияның мүшелерін марксизм-ленинизм рухында тәрбиелеу ісінде бейбітшілік, демократия және социализм үшін күресте жаңа табыстарға жетуіне тілектестік білдіреді.

Француз жұмысшы табының және Францияның барлық еңбекшілерінің алдыңғы отряды — Француз Коммунистік партиясы жасасын!

ССРО және Франция халықтарының арасындағы достық жасасын!

СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

Франция жұмысшы табының атынан Франция халқының Совет Одағына қарсы соғысшайғыны, ешқашан да соғысшайғыны туралы Морис Торез айтқан белгілі сөздерді қайталады. Француз халқының Совет Одағының халқына деген достығының бұл белгісін залдағылар түгел орындарынан тұрып, ду қолшанапалақтап құттықталы.

Бонн билеуші топтарындағы Аденауэрге қарсы оппозиция туралы „Нейес Дейчланд“ газетінің хабары

БЕРЛИН, 2 июнь. (СОТА). «Нейес Дейчланд» газеті Боннан алынған хабар жариялады, бұл хабарда, Бонндағы «Дейче информационсдиент» бюллетеніне сүйеніп былай деп көрсеткен: Бонның үкімет коалициясында Батыс Германияның «сыртқы саясатын өзгертуді» өзіне мақсат етіп қойған оппозициялық топ құрылған.

Газет былай деп жазды: «Дейче инфор-

уіымының бас секретары Герберт Шнейдер болып табылады.

«Еркін демократиялық партияның» оппозициялық тобына, «Дейче информационсдиент» бюллетенінің хабарлауынша, бундестагтың депутаттары Ганс Рейф, Эвальд Бухер, Роберт Даннеман, Антон Эбергард, Генрих Фасбендер, Карл Гофман, Герта Ильк, Карл Лар, Губерт Цу Левенштейн, Рейнгольд Майер (Штутгарт) Ро-

Дания халқы Мартин Андерсен Нексемен қоштасуда

КОПЕНГАГЕН, 4 июнь. (СОТА). Кеше бүгін бойы Дания Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне Мартин Андерсен Нексенің ескерткіш кітабына өз қолдарын қою үшін мыңдаған адамдар келді. Жұмысшылардың қалалық көптеген бірліккен көсіподақтары және басқа ұйымдар Коммунистік партияның Орталық Комитетіне былай деп хабарлады: Олар Дания халқының ұлы жазушысына ақырғы құрмет көрсетпек және ертең Мартин Андерсен Нексемен халық қоштасатын жерге — Копенгагеннің үлкен залы — Фординге өздерінің өкілдерін жалаулармен жібермек.

Кеше Мартин Андерсен Нексе өмірінің ақырына дейін мүше болып келген Дания Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің үндеуі жарияланды. Үндеуде былай делінген:

«Мартин Андерсен Нексе — Дания жұмысшы табының ең ұлы және ең берілген ұлы. Ол Данияның атын бүкіл дүние жүзіне мәлім етті және оған жалпы құрметті қамтамасыз етті. Өзінің бүкіл жауынгерлік өмірінде, жас шағынан бастап қартайғанына дейін ол жұмысшы табымен бірге болды және өзінің бар талантын, бар қайратын, бар еркін жұмысшы табының күресіне арнап, оның күресінің революциялық авангардында болды...»

СОВЕТ ОДАҒЫНА БАРҒАН САПАРЫ ТУРАЛЫ ИНДИЯ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІНІҢ ПІКІРІ

КАЛЬКУТТА, 4 июнь. (СОТА). Жуырда Совет Одағында болған Индия өйелдер делегациясының мүшесі Молина Датт кеше Калькуттаға келді. Ол баспасөз өкілдеріне: совет халқы «Индияның халқына нағыз достықпен қарап отыр» деп мәлімдеді. Совет Одағын, деп көрсетті ол, «барлық адамдар үшін, ерsekтерге де, әйелдерге де, өздерінің жеке қабілеттерін жетілдіруіне барлық мүмкіндіктер тудырылып отыр».

Совет Одағында, деді Молина Датт, балаларға орасан зор қамқорлық жасалуда, өйткені оларды «ұлттардың шын мәнісіндегі игілігі, ал, елдің болашағы соларға байланысты» деп санайды.

Молина Датт Совет Одағында шетелдіктер «Мейлінше еркін жүру правосымен» пайдаланды деп атап көрсетті. «Біздің қайда болса да барып, нені болса да көруімізге толық мүмкіндігіміз болды».

Молина Датт қорытындысында да былай деп атап көрсетті: «Совет Одағының халқы мен үкіметі халықаралық бейбітшілікті қолдауды шын ниетімен тілеп отыр».

ШЕТЕЛДЕРДЕГІ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

НЬЮ - ЙОРК, Ассошиэйтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, Гондураста 30 апрельде басталған американдық «Юнайтед фрут компани» компаниясына қарайтын банан плантациясының 25 мың жұмысшыларының ереуілі әлі болып жатыр.

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемының (1952 жылы шығарылуы)

3-ші ұтыс тиражының РЕСМИ ТАБЛИЦАСЫ

Ұтыс тиражы 1954 жылғы 23 майда Москва қаласында өткізілді. Заёмның барлық разрядындағы сериялар мен облигациялардың мына номерлеріне ұтыстар шықты:

Table with 12 columns: Серия № №, Облигация № №, Ұтыс мөлшері сом есебімен, Серия № №, Облигация № №, Ұтыс мөлшері сом есебімен, Серия № №, Облигация № №, Ұтыс мөлшері сом есебімен, Серия № №, Облигация № №, Ұтыс мөлшері сом есебімен. Rows list various bond series and amounts.

*) Осы сериядағы облигациялардың қалған 49 номеріне 200 сомнан ұтыс шықты.

ҚАЗАҚ ССР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕТРОПАВЛДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МЕХАНИКАЛАНДЫРУ ТЕХНИКУМЫ 1954-55 оқу жылына 1-және жоғары курстарға түсіп оқу және сырттан оқу бөлімдеріне оқушылар алады. Оқу мерзімі 4 жыл, сырттан оқу бөлімінде 5 жыл. Техникумға түсіп оқу бөлімі екі мамандық бойынша: ауыл шаруашылығын механикаландыру, мал шаруашылығын механикаландыру және электрлендіру жөніндегі мамандар даярлайды. Сырттан оқу бөлімі ауыл шаруашылығын механикаландыру жөніндегі мамандар даярлайды. Техникумды бітіріп шыққандар ауыл шаруашылығының техник-механигі және техник электрмеханик атағын алады. ОҚУҒА ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ:

және албан халықтарының арасындағы мәңгілік достықтың құрметіне, Албан ел-бек партиясының және Совет Одағының Коммунистік партиясының құрметіне ұран айтты.

Совет соғыс корабльдері отрядын шығарып салу албан және совет халықтары бірлестіріп отырған туысқандық сезімнің айқын демонстрациясына айналды.

Албанияға достық сапармен келген совет соғыс корабльдерінің делегациясы Албанияда болған төрт күн ішінде Сталин, Люшино, Влору, Шкодер қалаларында, сол сияқты, Тиранадағы Сталин атындағы тоқыма комбинатында және басқа өнеркәсіп кәсіпорындарында, мәдени-ағарту мекемелерінде, «Добрач» ауылшаруашылық кооперативінде болды.

Совет төзімшілері болған жерлердің барлығында еңбекшілердің митингісі болып отырды.

ЧАРЛИ ЧАПЛИНГЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕЙБІТШІЛІК СЫЙЛЫҒЫН ТАПСЫРУ

ЖЕНЕВА, 4 июнь. (СОТА). Кеше Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің Халықаралық бейбітшілік сыйлығы бойынша жюридің секретары Хорхе Саламеа жанына француз жазушысы Беркораны, Швейцарияның бейбітшілікті жақтаушылар комитетінің председатели профессор Андре Боннардты, сол сияқты ағылшын профессоры Синганы ертіп Лозанның жанында тұратын ағылшының белгілі кино артисі Чарли Чаплинде болды және оған 1953 жылғы Халықаралық бейбітшілік сыйлығы лауреатының дипломын тапсырды. Бұл сыйлық Чарли Чаплинге халықтар арасындағы достық ісіне қосқан аса зор творчестволық үлесі үшін берілген болатын.

ВЬЕТНАМ КАТОЛИКТЕРІ ФРАНЦУЗ ОТАРШЫЛАРЫНЫҢ АЮАНДЫҒЫНА НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУДЕ

ПЕКИН, 3 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігі Вьетнам информациялық агенттігінің мына мазмұндағы хабарын берді: Красная өзешінің сол жақ жағалауындағы аудандардағы діни қызметкерлер мен басқа католиктік өкілдерінің май айында болып өткен конференциясына қатысушылар француз отаршыларының істеген аюандықтарына қарсы наразылық білдірген қарар қабылдаған. Конференцияға бұл ауданның 270 мың католиктерінен 125 делегат қатысқан. Конференцияға қатысушылар өздерінің президент Хо Ши Минге және Женевадағы Вьетнам Демократиялық Республикасының делегациясына жолдаған хаттарында былай деп жазды: 1954 жылдың алғашқы үш айы ішінде Хайсон және Тай-Бинь ауданына жасалған әуе шабуылы кезінде католиктер тұратын 50 деревня жойылған, 16 шіркеу қыйратылған және 1 мың католик өлген.

тиандық-демократиялық одаққа, немесе партиясына, «еркін демократиялық партияға» және «жалпыгерманиялық блокке» жататын, оппозициялық топқа кіріп отырған Бонн бундестагінің 33 депутатын атап көрсетуде.

Бюлетень бундестаг депутаты Карл Вальцті христиандық-демократиялық одақтағы оппозицияның басшысы деп атауда. Неміс партиясында Аденаурдің саясатына наразылық білдіріп отырған топтың басшысы бұл партияның Бремерхафендегі

ТАИЛАНДТЫҢ БҰҰ-ға ЖОЛДАҒАН ӨТІНІШІ ЖАЙЫНДА

КАЛЬКУТТА, 4 июнь. (СОТА). «Амрита Базар Патрика» газеті Тайландтың Индо-Қытай мәселесін талқылауды сұрал БҰҰ-ға жолдаған өтінішіне арналған редакциялық мақалада былай деп жазған: «Тайландтың ұсынысын іс жүзінде АҚШ мемлекеттік департаменті жасақтырып-

«НЬЮ-ЙОРК-ТАЙМС» ГАЗЕТІ БАОДАЙЛЫҚ АРМИЯҒА ӘСКЕР ТАРТУДЫҢ СӘТСІЗДІККЕ ҰШЫРАҒАНЫ ТУРАЛЫ

НЬЮ-ЙОРК, 4 июнь. (СОТА). «Нью-Йорк таймс» газетінің Сайгондағы тілшісінің хабарына қарағанда, кеше баодайлық үкметтің қорғаныс министрі Фан Гуй Куат баодайлық армияға әскер тар-

АВСТРИЯ ҮКМЕТІ ТӨМЕНГІ АВСТРИЯНЫ

ВЕНА, 4 июнь. (СОТА). Австрия үкметі, Вашингтонның бұйрықтарын орындай отырып, Австрияны оккупациялаудың советтік аймағы жөнінде кемсітушілік саясатын жүргізуде. Бұл жайында «Австрияның халықтық оппозициясынан» сайлаған депутат Франц Хоннер парламенттің мәжілісінде толық айтып берді. Австрия провинцияларының ішіндегі аса маңызды бұл провинция, деді Хоннер, үкмет ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті қалпына келтіруді, соғыста қыйраған тұрғын үйлерді және басқаларды қалпына келтіруге қаржы бөлген кезде қасақана естен шығарып, ұмытып жүр. Былай болатын себебі, деп атап көрсетті Хоннер, төменгі Австрия советтік оккупациялау аймағы болып табылады.

Батыс аймақтарда электр станцияларын салуға, деді бұдан кейін шешен, көптеген миллиард шиллинг қаржы босатылды. Батыс шекарадағы «Похенштейн» электр станциясының құрылысы күшті қарқынмен жүргізілуде, ал, мұның электр қуаты милитаристік Батыс Германияға арналып отыр.

ЖАПОН ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЛАҚЫНЫ АРТТЫРУ ҮШІН КҮРЕСІ

ПЕКИН, 4 июнь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, мемлекеттік темір жолдар жұмысшыларының Бүкілжапондық кәсіподағының 400 мыңға жуық мүшесі 1 июньде жалақының арттырылуы үшін күрес бастаған.

Ори-Марулис, Альфред Шпен, Карл-Эрих Фольдейер, Людвиг Прейс, Ганс Шлос, Герман Шван, Вилли Штааль және Вилли Вейер кіретін көрінеді.

«Жалпыгерманиялық блокте» оппозицияға жататындар: Мартин Эльснер, Ганс-Эгон Энгель, Эрвин Феллер, Гейнц Гемейн, Вельфрид Келлер, Отто Клетцер, Лотар Кунц, Вальтер Кучера, Рудольф Мейер-Ронненберг, Франк Зейбот, Эрнст Шрок, Вилли Рейхштейн.

Депутат Артур Штегнер де оппозициялық топқа кіреді.

ты деген күдік Индияда кеңінен таратылып отыр. ... Ұсыныстың өзінен туып отырған күшті хауіпті Индо-Қытай проблемасын тезінен және қанағаттанарлық түрде шешкісі келетін бірде-бір ел елемей отыра алмайды. ...»

тудың жоғарының «сәтсіздікке ұшырағанын» және әскери қызметке шақырылуға тиісті жүз мың адамнан небары 10 процентке жуығы ғана алынғандығын мойындаған.

КЕМСІТУШІЛІК САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУДЕ

Оның бер жағында, «Иббс-персенбиг» электр станциясының құрылысы, төменгі Австрияны экономикалық жағынан өркендетуде орасан зор роль атқаратын электр станциясының құрылысы барлық амалдармен сәтсіздікке ұшырауда. Бұл электр станция құрылысының сәтсіздікке ұшыратылуы, деп атап көрсетті Хоннер, үкметтің төменгі Австрияны экономикалық жағынан өркендетуді қасақана, саяси пікірлермен тежеп отырғандығының ең айқын мысалы болып табылады.

Депутат Хоннер мынадай ұсыныс ендіді: «Федералдық Үкметке «Иббс-персенбиг» электр станциясының құрылысына қажетті қаржы беруге шаралар қолдану және бұл құрылысты дереу бастау тапсырылады. «Иббс-персенбиг» электр станциясының құрылысы 4 жылдың ішінде аяқталсын».

Үкметтік партиялардың депутаттары Хоннердің ұсынысын қабылдамай тастады, сөйтіп, өздерінің төменгі Австрияны кемсітушілік саясатын оған әрі жүргізе беретін ниеті бар екенін айқын көрсетті.

Жұмысшылар демонстрация ұйымдастырылып, белгілі уақыттан артық жұмыстан бастартуда. Жұмысшылар, сонымен қатар қызметтен шығарылған кәсіподақтың 18 басшыларын жұмысқа қайтадан орналастыруды талап етуде.

РИМ. «Уинита» газеті былай деп хабарлайды: Италияда ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп еңбекшілерінің жалақының арттырылуы және тұрмыс жағдайының жақсаруы үшін ереуілдері болып жатыр. Ереуілдер, әсіресе, Модендегі «Аччаерио» феррере» металлургиялық заводында, Туриндегі «Суперга» машина жасайтын заводта, Александрия провинциясындағы «Ильва» машина жасайтын заводта, Вальдониядағы (Виченца) «Марцотто» тоқыма кәсіпорында болған.

3 июнь (СОТА).

ДОКУМЕНТТІ, ҒЫЛМИ-ТАРТЫМДЫ ЖӘНЕ МУЛЬТИПЛИКАЦИЯЛЫҚ ФИЛЬМДЕРДІҢ УРУГВАЙДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КИНОФЕСТИВАЛЫ

МОНТЕВИДЕО 4 июнь. (СОТА). Бұдан бұрын хабар етілгендей, 2 майда Уругвай астанасы—Монтевидеода документті, ғылыми-тартымды және мультипликациялық фильмдердің халықаралық кинофестивалы басталды. Фестивальды ресми мемлекеттік мекеме—Уругвайдың радио хабар таратушы мемлекеттік қызметі ұйымдастырды. Фестивальға қатысу үшін Совет Одағы шақырылып, ол 13 фильм алып келді. ССРО-ның қатысуы Уругвай жұртшылығы тарапынан фестивальға зор ынта тудырды. Халық совет фильмдерін жылы шыраймен қарсы алды.

Бірқатар газеттер совет картиналарын фестивальдағы ең таңдаулы картиналардың бірі деп жоғары бағалады.

ТУРИНДЕГІ «МЕДИКО-ХИРУРГИЯЛЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНДЕР» КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА

РИМ, 3 июнь. (СОТА). Туринде «медико-хирургиялық Халықаралық күндер» конференциясы болып жатыр. Конференцияға қатысушылар медицина ғылымдарының түрлі салалары бойынша топтарға бөлінген. Қан құю мәселесіне арналған мәжілісте Совет оқымыстысы Бабишев сөзет дәрігерлері ойдағыдай шешкен ұйқы артериясына және аортаға қан құюдың күрделі проблемалары туралы айтты.

Совет профессоры Мешалкин кордиология жөніндегі болған айтыста сөз сөйлеп, совет оқымыстыларының жүрек аймағына хирургиялық операция жасаудағы қол жеткен табыстарын нақтылы мысалдармен дәлелдеп көрсетті.

Конференцияға қатысушылар совет оқымыстыларының сөздерін аса зор ынта қойып тыңдады.

ХРОНИКА

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы И. К. Қарақұлов жолдасты Қазақ ССР Денсаулық сақтау министрі міндетінен босатты.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Техникумның 1 курсына түсіп оқу бастады. 30 жасқа дейінгі азаматтары, сырттан оқу бөліміне 7 класс көлемінде білімі бар, 7 класс көлемінде орыс тілінен және әдебиеттен ССРО Конституциясынан және математикадан қабылдау емтиханын тапсырғандар қабылданады.

1953 және 1954 оқу жылдарында 7 класты 5 деген бағамен бітіріп шыққандар оқуға қабылдау емтиханынсыз алынады.

10 класты бітіргендер және орта мектеп көлемінде орыс тілі мен әдебиеттен (жазбаша-шығарма жазу) және математикадан (жазбаша және ауызша) емтихан тапсырғандар мерзімі қысқартылған оқуға (2 жыл 4 айлық) қабылданады. Түсіп оқу бөліміне арыздар 1 июньнен 31 июльге дейін қабылданады, қабылдау емтихандары августың 1-нен 20-на дейін жүргізіледі, оқу 1 сентябрьде басталады.

Сырттан оқу бөліміне арыздар 1 июньнен 15 ноябрьге дейін қабылданады, қабылдау емтиханы 16 ноябрьден 15 декабрьге дейін жүргізіледі. Сырттан оқу бөліміне түсушілердің емтиханды тұрған жеріне жақын жердегі техникумда беруіне рұқсат етіледі.

Оқуды үлгерушілердің барлығына да стипендия төленеді. Арызбен бірге мына документтерін: білімі туралы куәлігі (түп нұсқасы) өмір баяны, туған жылы туралы куәлігі, денсаулығы туралы анықтама, 3 фотосуреті, тұрған жерінен алған анықтама, әскери міндеттілігі туралы (әскери міндеттілер үшін) анықтама, жұмыс істеген жерінен немесе қоғам ұйымдарынан алған мінездеме (сырттан оқушылар үшін) қоса тапсырулары керек.

Паспортты оқуға түсушілер бірге ала келеді. Арызды жоғарыда көрсетілген документтермен бірге мына адрес бойынша техникум директорының атына жіберу керек.

Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Октябрь алаңы, 25. Ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумы.

ДИРЕКЦИЯ.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ

ССРО Сауда Министрлігінің Свердловтағы «Союзпосылторг» бөлімшесі	
Азаматтардың жеке заказдары бойынша почта арқылы посиылкамен оларға мына товарларды жібереді:	
«ХРОМКА» гарьмоны — Киров заводы жасап шығарған	— 505 сом.
ПАТЕФОН — ПГ—3 бір пружиналы	— 365 сом.
ФОТОАППАРАТ — «Зоркий» былғары қыныда	— 736 сом.
ФОТОАППАРАТ — «Киев—2»	— 2057 сом.
ВЕЛОСИПЕД — еркектердің жол жүретін жеңіл «Турист» В—32 велосипеді —	995 сом.
ВЕЛОСИПЕД доңғалағы былғары табанды осы сыяқты өйелдер велосипеді —	759 сом.
ВЕЛОСИПЕД ДИНАМОСЫ — алдыңғы фарасымен және счегчигімен —	76 сом 60 т.

Товарлардың ішіне бөлшек сауда бағасы, буып, тую және жөнелту, сондай-ақ почта қызметі үшін алынатын ақы қосылады. Сол сыяқты мұнда патефондардың мембраналар мен қосалқы пружиналар, фотокағаз, пленкалар және фотопластинкалар, 125 және 250 миллиметрлік лигариформтикалық сызғыштар және басқа товарлар бар. Бұл товарлардың бағалары көрсетілген прейскуранттар барлық почта бөлімшесдерінде бар.

Товарлар жоғарыда көрсетілген товарлардың тұрар бағалары почта арқылы толық алынғаннан кейін ғана жіберіледі. Ұйымдарға товар жіберілмейді.

Почта мен ақша жібергенде толтырылатын талонға фамилиясы, аты және өкесінің аты, адресі, талонның сыртқы бетіне — алғызатын товарлардың аты мен санын толық көрсету керек.

Заказдар мен ақшаны мына адреске жіберіңіздер: Свердлов қаласы, Решетников көшесі 23-үй «Союзпосылторг» бөлімшесі.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА	«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ПАРТИЗАН БАЛАЛАРЫ»	«МОЙЫНДАҒЫ АННА»
Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.	Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР. редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі —3-39, корректорлар бюросы— 4-39. Газет баспасы—5-52, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.